

БЕКІТЕМІН:
«Маңғыстау облысының
табиғи ресурстар және
табиғатты пайдалануды реттеу
басқармасы» мемлекеттік
мекемесінің басшысы
_____ **С.Қ. Дүйсекенов**

«Бейнеу ормандар және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі» КММ-нің
жергілікті маңызы бар «Есет» және «Көлеңкелі» мемлекеттік табиғи
(кешенді) қаумалдарының
2026-2030 жылдарға арналған
БАСҚАРУ ЖОСПАРЫ

«Caspian Green Wave» ЖШС-нің
директоры

Ә.Ж. Қарашбай

2025 ж.

Орындаушылар тізімі

Жұмыс жетекшісі, жоба
авторы

ҚОЛЫ

Ә.Ж. Қарашбай

Жоба менеджері, биолог,
аңшылық шаруашылығы
маманы

ҚОЛЫ

Н. Бағашаров

Эколог, сметашы

ҚОЛЫ

Ж. Смайлханов

Технолог, картограф

ҚОЛЫ

Ә. Исмагулов

1-кітап Мазмұны

	Кіріспе	5
1.	«Есет» және «Көлеңкелі» мемлекеттік табиғи (кешенді) қаумалдарының мәртебесі мен ерекшеліктері	6
1.1.	«Есет» және «Көлеңкелі» мемлекеттік табиғи (кешенді) қаумалдарының аумағы және аумағына рұқсаты, орналасқан жері	6
1.2.	«Есет» және «Көлеңкелі» мемлекеттік табиғи (кешенді) қаумалдарының құрылу тарихы және заңды мәртебесі	9
1.3.	«Есет» және «Көлеңкелі» мемлекеттік табиғи (кешенді) қаумалдарының аумағына жататын жер пайдаланушылар	9
1.4.	Инфрақұрылымы	15
1.5.	Физикалық ерекшелігі	16
	1.5.1. Климат	16
	1.5.2. Рельеф	17
	1.5.3. Геология	17
	1.5.4. Топырақ	18
	1.5.5. Гидрология	19
1.6.	Биологиялық әртүрлілікті зерделеу сатысы ғылыми зерттеу жүргізу	19
1.7.	Әлеуметтік-экономикалық жағдайы	21
	1.7.1. Халқы	23
	1.7.2. «Есет» және «Көлеңкелі» мемлекеттік табиғи (кешенді) қаумалдарының орналасу аймағының экономикалық жағдайлары	23
	1.7.3. Экологиялық туризм	27
1.8.	Қолданыстағы бағдарламаны басқару	29
	1.8.1. Аумақты қорғауды ұйымдастыру	29
	1.8.2. Ғылыми қызмет	37
	1.8.3. Экологиялық ағарту	38
	1.8.4. Шектеулі шаруашылық қызмет	38
2.	Ағымдағы күйін бағалау және жалпы қорытындылар	39
2.1.	Қаумалдардың экологиялық маңыздылығы	39
2.2.	Ағымдағы басқару мақсаттары	41
2.3.	Алдындағы кезеңдегі табиғат қорғау мекемесінің қызметін бағалау	42
	2.3.1. «Есет» және «Көлеңкелі» мемлекеттік табиғи (кешенді) қаумалдарының ағымдағы қызметінің тиімділігін бағалау	42
	2.3.2. Экологиялық-ағартушылық қызметін бағалау	45
	2.3.3. Туристік және рекреациялық қызметті бағалау	45
	2.3.4. Ғылыми қызметті бағалау	46
	2.3.5. Шектеулі шаруашылық қызметті бағалау	47
	2.3.6. Негізгі қауіптері мен мәселелері	47
3.	Басқару жоспарын іске асыру тетіктері	48
3.1.	Басқару мақсаттары	48
	3.1.1. Басқарудың ұзақ мерзімді мақсаттары	49
	3.1.2. Басқарудың қысқа мерзімді мақсаттары	49
3.2.	Шекарасы және оларды аймақтарға бөлу	54
3.3.	Басқару бағдарламалары	58
	3.3.1. Табиғи ресурстарды басқару	58

	3.3.2.	Адам ресурстарын басқару	64
	3.4.	Ғылыми зерттеулер және мониторинг	68
	3.5.	Бұқаралық ақпарат құралдарымен және қоғаммен жұмыс	71
	3.6.	Басшылық және персонал	72
	3.7.	Жабдықтар және инфрақұрылым	73
	3.8.	Қаржы қаражатына қажеттілік	74
4.		«Есет» және «Көлеңкелі» мемлекеттік табиғи (кешенді) қаумалдарының 2026-2030 жылдарға арналған басқару жоспары	74
	4.1.	«Есет» және «Көлеңкелі» мемлекеттік табиғи (кешенді) қаумалдарының 2026-2030 жылдарға арналған іс-шаралар мен шығындардың ашық сипаттамасы	75
	4.2.	«Есет» және «Көлеңкелі» мемлекеттік табиғи (кешенді) қаумалдарының 2026-2030 жылдарға арналған аумағының функционалды қаймақтар картасы.	-

2-кітап Картографиялық материал

№	Картаның атауы	Масштаб
1	Маңғыстау облысының орман және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарының орналасу картасы	1:350 000
2	Жергілікті маңызы бар «Есет» және «Көлеңкелі» мемлекеттік табиғи қаумалдарының функционалдық аймақтарға бөлу картасы	1:250 000

Кіріспе

«Бейнеу ормандар және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі» КММ-нің жергілікті маңызы бар «Есет» және «Көлеңкелі» мемлекеттік табиғи (кешенді) қаумалдарының 2026-2030 жылдарға арналған басқару жоспарын Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының тапсырысымен 2025 жылғы 12 қарашадағы №020540003194/250028/00 шартқа сәйкес, «Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету» лицензияның негізінде «Caspian Green Wave» ЖШС әзірледі.

Басқару жоспарын әзірлеудің заңнамалық негізі ретінде Қазақстан Республикасының «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы», «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы», сондай-ақ Қазақстан Республикасының табиғатты пайдалану және табиғатты қорғау саласындағы Үкіметінің қаулылары алынған.

Басқару жоспарында Қазақстан Республикасы «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» заңының 26-бабына сәйкес, «Есет» және «Көлеңкелі» мемлекеттік табиғи (кешенді) қаумалдарының табиғи және әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың осының алдындағы кезеңдегі өзгерістеріне жасалған талдау, осының алдындағы кезеңдегі қызметіне берілген баға, осыдан кейінгі кезеңдегі табиғат қорғау, экологиялық-ағартушылық, ғылыми, туристік, рекреациялық және шектеулі шаруашылық қызметінің әрбір түрі бойынша іс-шаралар, мемлекеттік орман қоры жерлерінде құрылған ерекше қорғалатын табиғи аумақтар үшін - өткен кезеңдегі орман шаруашылығын жүргізудің және орман пайдаланудың кешенді бағасы берілетін және алдағы кезеңге арналған осы орман учаскелерін күзету, қорғау, молықтыру және оларға күтім жасау жөніндегі іс-шаралар әзірленетін бөлім, басқару құрылымын, нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру, кадрлармен қамтамасыз ету және олардың біліктілігін арттыру, жергілікті халықпен және жергілікті өкілетті және атқарушы органдармен бірлесіп іс-қимыл жасау арқылы басқару жоспарын іске асыру тетіктерін қамту қарастырылған.

Басқару жоспары қолданыстағы табиғат қорғау заңнамасының талаптарына және Маңғыстау облысының өңірлік ерекшеліктеріне сәйкес, қаумал әкімшілігімен және салалық мамандармен тығыз ынтымақтастықта дайындалған.

Құжаттың негізгі мақсаты қаумалдарды басқару жүйесін жетілдіру, оны дамытудың стратегиялық бағыттарын айқындау және табиғи және мәдени мұраны сақтаудың тиімді тетіктерін қалыптастыру болып табылады.

Басқару жоспарын практикалық іске асыру «Бейнеу ормандар және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі» КММ-нің тұрақты қызметін қамтамасыз етуге, экологиялық тәуекелдерді азайтуға, табиғатты қорғау іс-шараларының тиімділігін арттыруға және экологиялық туризм мен халықты ағарту мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал етеді.

Құжат Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің

2007 жылғы 13 шілдедегі №233 бұйрығымен бекітілген «Табиғатты қорғау ұйымының басқару жоспарын әзірлеу ережелеріне» сәйкес дайындалған.

1. «ЕСЕТ» ЖӘНЕ «КӨЛЕНКЕЛІ» МЕМЛЕКЕТТІК ТАБИҒИ (КЕШЕНДІ) ҚАУМАЛДАРЫНЫҢ МӘРТЕБЕСІ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІГІ

1.1. «Есет» және «Көленкелі» мемлекеттік табиғи (кешенді) қаумалдарының аумағы және аумағына рұқсаты, орналасқан орны

«Есет» мемлекеттік табиғи (кешенді) қаумалының аумағы екі шыңнан (1-сурет) тұрады. Бірінші шыңның пішіні солтүстік-батысқа бағытталған үшбұрыш тәрізді және ол Молаарпа мен Қиянды өңірлерінің арасында орналасқан (ең жоғарғы нүктесі – теңіз деңгейінен 163 м). Екінші шыңның пішіні «S» әрпіне ұқсас, солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай созылып жатыр (ең жоғарғы нүктесі – теңіз деңгейінен 152 м) және ол Бокатай Бенике мен Мыңсуалмас өңірлерінде орналасқан.

Жобалық аумақ құрамына шыңдарға іргелес жатқан үстірт бөліктері де кіреді.


Аумақтың жалпы ұзындығы солтүстіктен оңтүстікке қарай 70 км, ал батыстан шығысқа қарай (ең кең жерінде) 43 км-ді құрайды. Қаумалдың алаңы - **146 790,0 га.**

«Көленкелі» мемлекеттік табиғи (кешенді) қаумалының аумағы меридиан бағытында созылып жатқан Көленкелі тауларынан, солтүстік және батыс бөліктерінде орналасқан шағын сортаңдар фрагменттерінен, сондай-ақ оған іргелес жатқан үстіртті жазықтың стол тәрізді қалдық шыңдарымен, төмпешіктерімен, ұсақ жон-жота және жон-барханды құм алаптарымен сипатталады. Сонымен қатар аумақта солтүстіктен оңтүстікке қарай ағатын, жазда суы тартылып қалатын Жаман-Қарасай жылғасы орналасқан (2-сурет).


Көленкелі таулары биік емес (ең жоғарғы нүктесі – теңіз деңгейінен 214 м), беткейлері біршама жайпақ, шыңдары жұмыр келеді. Солтүстігінде Атырау облысы аумағындағы Желтау тауларымен шектеседі.

Аумақтың жалпы ұзындығы солтүстіктен оңтүстікке қарай 37 км, ал батыстан шығысқа қарай (ең кең жерінде) 24 км құрайды. Қаумалдың алаңы - **58 922,8 га.**

1-сурет. «Есет» қаумалының территориясы



2-сурет. «Көлеңкелі» қаумалының территориясы



1.2. «Есет» және «Көлеңкелі» мемлекеттік табиғи (кешенді) қаумалдарының құрылу тарихы және заңды мәртебесі

«Есет» және «Көлеңкелі» мемлекеттік табиғи (кешенді) қаумалдары 2013 жылы «Маңғыстау облысының Бейнеу аумағында жергілікті маңызы бар зоологиялық-геоморфологиялық табиғи қаумал жаратылыстану-ғылыми негіздемесі» құжаты негізінде жасалды. Бұл құжат мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысын алып, Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитетімен келісілген. Сондай-ақ, «Есет» және «Көлеңкелі» жергілікті маңызы бар зоологиялық-геоморфологиялық қаумалдарын құруға арналған техникалық-экономикалық негіздемелерді әзірлеуге қатысты дайындық жұмыстарының қорытындысы бойынша 2013 жылғы 12 желтоқсандағы кеңес хаттамасымен (бұдан әрі – Кеңес хаттамасы) бекітілген.

Кеңес хаттамасына сәйкес қаумалдың атауына түзету енгізіліп, жаратылыстану-ғылыми негіздемемен салыстырғанда соңғы нұсқасында «Жергілікті маңызы бар «Есет» және «Көлеңкелі» мемлекеттік кешенді табиғи қаумалдары» (бұдан әрі – Қаумалдар) болып бекітілді.

Қаумалдардың негізгі мақсаты – сирек және жойылып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін (үстірт арқары, жейран, сайғақ) және өсімдіктерді сақтау мен қалпына келтіру, сондай-ақ сирек және бірегей табиғи жер бедерлері (шыңдар) мен қаумал аумағында орналасқан тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін қорғау болып табылады.

Қаумалдар Маңғыстау облысы әкімдігінің «Жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи қаумалдарын құру туралы» 2015 жылғы 27 ақпандағы № 53 қаулысына сәйкес құрылды.

«Есет» қаумалының аумағы әкімшілік тұрғыдан Маңғыстау облысының Бейнеу ауданының орталық және солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан. Ол Боранқұл ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 60 км, ал аудан орталығы Бейнеу ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 25 км жерде орналасқан.

«Көлеңкелі» қаумалының аумағы әкімшілік жағынан Маңғыстау облысының Бейнеу ауданында, оның солтүстік бөлігінде, Атырау облысымен шекарада орналасқан. Ол Боранқұл ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 75 км және аудан орталығы Бейнеу ауылынан 120 км қашықтықта орналасқан.

1.3. «Есет» және «Көлеңкелі» мемлекеттік табиғи (кешенді) қаумалдарының аумағына жататын жер пайдаланушылар

Қазақстан Республикасының «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Заңының 22-бабының 3-тармағына және 68-бабының 1-тармағына сәйкес, мемлекеттік табиғи қаумалдардың жер учаскелері басқа санаттағы жерлер құрамынан бөлініп беріледі, бірақ жер иеленушілер мен жер пайдаланушылардан алынбайды және жер санаттары өзгертілмейді.


Қазіргі уақытта, «Есет» қаумалының территориясында 11 шаруа қожалығы орналасқан (1-кесте). «Көлеңкелі» қаумалының территориясында 3 шаруа қожалығы орналасқан (2-кесте).


1-кесте

№ қ.с.	Жер пайдаланушының атауы	Мақсаты	Кадастрлық номері	Жер көлемі, га	Жер пайдаланудың түрі
1	Қаниев Серік	«Серік» шаруа қожалығы	13-196-006-406	500	49 жылға жалдау
2	Мәлімет жоқ	«Ағатай» шаруа қожалығы	13-196-006-393	500	49 жылға жалдау
3	Ташев Ислам	«Жаналы-2» шаруа қожалығы	13-196-006-426	2000	49 жылға жалдау
4	Ақбаев Есқали	«Ахмет» шаруа қожалығы	-----	5500	49 жылға жалдау
5	Мәлімет жоқ	«Шокан» шаруа қожалығы	-----	1000	49 жылға жалдау
6	Көбегенов Сарсенғали	«Султан» шаруа қожалығы	13-196-006-445	500	49 жылға жалдау
7	Ауданбаев Нұрлан	«Нурлан» шаруа қожалығы	13-196-006-373	2000	49 жылға жалдау
8	Ершорина Шынар	«Даурен» шаруа қожалығы	13-196-006-278	1000	49 жылға жалдау
9	Қараев Мухамбет	«Акайдар» шаруа қожалығы	13-196-006-056	1000	49 жылға жалдау
10	Қыстаубаев Жалғасбай	«Мерей-К шаруа қожалығы»	13-196-008-175	2000	49 жылға жалдау
11	Қосбармақ Балта	«Жидели» шаруа қожалығы	13-196-008-162	2000	49 жылға жалдау

2-кесте

№ қ.с.	Жер пайдаланушының атауы	Мақсаты	Кадастрлық номері	Участок көлемі, га	Жер пайдалану құқы
1	Жарықбасов Киікбай	«Адай» шаруа қожалығы	13-196-006-008	1000	жалданған
2	—	«Есембай» шаруа қожалығы	Мәлімет жоқ	500	-
3	Мусиев Жауынбай	«Алшибек» шаруа қожалығы	13-196-006-428 13-196-006-427	502	жалданған





Қаумалдың экологиялық жүйелерінің жағдайына және қалпына келуіне кері әсерін тигізетін кез келген қызметке шектеу қойылады. Бұл шектеулер жер иелерінің және жер пайдаланушылардың жер учаскелеріне ауыртпалық түрінде енгізіледі және жерге орналастыру құжаттамасында ескеріледі.

Ерекше қорғалатын табиғи аймақтардағы қызметтің рұқсат етілген және тыйым салынған түрлері, сондай-ақ жекелеген қызмет түрлеріне қойылған шектеулер:

1. Аң аулауға және балық аулауға биологиялық негіздеме негізінде мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің сақталуына қауіп төндірмейтін, жануарлар дүниесі объектілерін алып қоюдың жол берілетін көлемі шегінде жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган рұқсат етеді.

2. Мемлекеттік табиғи қаумалдар ғылыми, экологиялық-ағарту, туристік, рекреациялық және шектеулі шаруашылық мақсаттарда пайдаланылуы мүмкін.

3. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті органның рұқсаты бойынша жануарларды ғылыми-зерттеу, өсімін молайту және мелиорациялық мақсаттарда алып қою жүзеге асырылады.

4. Табиғи кешендерді сақтауға қатер төндіретін шаруашылық қызметке, өсімдіктер мен жануарлардың бөтен түрлерін жерсіндіруге тыйым салынады.

5. Жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылар белгіленген шектеулерді сақтай отырып, мемлекеттік табиғи қаумалдар аумағы шегінде шаруашылық қызметті жүзеге асыруға құқылы.

6. Қазақстан Республикасының «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» заңы 14-бабының 3-тармағының 5) тармақшасына сәйкес, ұшақтардың, тікұшақтардың және өзге де ұшу аппараттарының итбалықтар, тұяқты жабайы жануарлар мен топтасып ұшатын құстар жаппай мекендейтін аумақтардың үстінен бір километр төмен биіктікте ұшып өтуіне тыйым салынады.

9. Ерекше қорғалатын табиғи аймақтарда болу, оның жұмыс режимі және рекреациялық жүктемесі:

Қаумалға келу «Жеке тұлғалардың ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда болу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2010 жылғы 1 қыркүйектегі № 555 Бұйрығымен реттеледі.

Жеке тұлғалар (бұдан әрі – келушілер) қаумал аумағында болған кезде оларға мынандай жайларға **рұқсат етіледі:**

1) Қаумал орман және дала жолдарымен, жалпы жұрт пайдаланатын жолдармен және экскурсиялық маршруттардың арнайы жолдарымен, механикаландырылған көлікпен және салт атпен жүру, арнайы жабдықталған орындарда аялдау;

2) белгіленген туристік маршруттармен және соқпақтармен Қаумал әкімшілігімен алдын-ала келісілген, орманшы-қорықшы бастап жүруімен ұйымдасқан экскурсиялар мен туристік жорықтар өткізу;

3) Қаумал әкімшілігімен келісім бойынша су айдындарында тек қана моторсыз жүзу құралдарымен жылжу;

4) әуесқойлық (спорттық) балық аулау.

5) осыған арнайы бөлінген орындарда жабайы жемістер, жидектер, саңырауқұлақтар, дәрі-дәрмектік өсімдіктер, шөп шабу, отын дайындау және дәстүрлі табиғат пайдаланудың басқа түрлері;

6) Қаумал әкімшілігімен келісім бойынша спорттық және экологиялық-ағарту іс-шараларын, туристік слеттер өткізу;

7) кәсіби және әуесқойлық фото-бейне түсірімдер жүргізу;

8) оқу практикаларын өткізу;

9) оқу мақсаттары үшін гербарий жинау, топырақ үлгілерін іріктеу;

10) ерекше қорғалатын табиғи аумақтың паспортында көзделген өзге де қызметтер.

Келушілер қаумал аумағында болған кезде оларға мынандай жайларға **рұқсат етілмейді:**

1) Қаумал орман және дала жолдарымен, жалпы жұрт пайдаланатын жолдардан немесе арнайы экскурсиялық соқпақтар мен туристік маршруттардан тыс жерлерге келіп кіруге және олар арқылы жүріп өтуге;

2) белгіленген орындардан тыс жерлерге автокөлік және басқа да механикалық құралдар қоюға;

3) автокөлікті және басқа да механикалық құралдарды су айдындары жағалауына қоюға және жууға, ыдыс-аяқ жууға, кір жууға, үй жануарларын шомылдыруға;

4) су айдындарында, Қаумалды қорғау жөніндегі мемлекеттік орман қорғау мекемесі пайдаланатын және құтқару пунктерін алып тастағанда моторлы жүзу құралдарынан басқа, моторлы яхталардың, катерлердің, моторлы қайықтардың, скутерлердің, квадроциклдердің болуына;

5) арнайы белгіленген және жабдықталған орындардан тыс жерлерде тағам әзірлеу үшін от жағуға, мангал, ошақ орнатуға;

6) осы мақсаттар үшін белгіленген орындардан тыс жерлерде аялдау орындарын жабдықтауға, шатырлар тігуге;

7) торлармен және басқа тыйым салынған құралдармен және жабдықтармен балық аулауға;

8) тиісті рұқсатсыз жабайы жануарларды алып қоюға;

9) жабайы жануарларды үркітуге және қоректендіруге;

10) ұяларды, індерді, апандарды және құмырсқа илеулерін бүлдіруге;

11) ағаштар мен бұталарды кесуге, сындыруға және оларға зақым келтіруге, тұрмыстық қажеттілік үшін сыпыртқылар мен сыпырғыштарға шыбықтар дайындауға;

12) табиғат, тарих, мәдениет және археология ескерткіштерін қиратуға және бүлдіруге;

13) рұқсат етілген жинау орындарынан тыс жерлерде жабайы өсетін ағаш, бұта, шөп өсімдіктерін және дәрі-дәрмектік шикізат жинауға және қазып алуға;

14) көрнекі үгіт құралдарын (стенділер, паннолар, аншлаптар және басқалар), орман орналастыру, орман шаруашылығы және жерге орналастыру белгілерін қиратуға және бүлдіруге;

15) құрылыстарға, ағаштарға, тастарға және жартастарға жазулар жазуға және суреттер салуға;

16) топырақ қабатын тұрмыстық қоқыспен және қалдықпен ластауға;

17) «Жасанды жолмен жасалатын шудың және өзге де акустикалық әсерлердің нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 7 қазандағы № 18-02/899 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12387 болып тіркелген) шудың және өзге де жасанды акустикалық әсерлердің нормаларына сәйкес қоршаған ортаға шу шығаратын және басқа да акустикалық әсерлерді қолдану;

18) мемлекеттік табиғи-қорық қоры мен табиғи кешендер объектілерінің табиғи дамуын және сақталуын бұзатын өзге қызметтерге.

Келушіде қаумалды ғылыми, экологиялық-ағарту, туристік, рекреациялық және шектеулі шаруашылық мақсаттарда пайдалану үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес ақы төлегені туралы растайтын құжаттың болуы табиғат қорғау мекемесінің аумағына келуге негіз болып табылады.

Қаумалды пайдалану үшін ақы төлегенін растайтын құжат келушінің болу мерзімінің соңына дейін сақталуы тиіс.

Қаумал шекарасында орналасқан елді мекендерде тұрақты тұратын және (немесе) саяжай учаскелері бар жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес төлемақы төлеушілер болып табылмайды.

Рекреациялық жүктеменің жол берілетін нормаларына байланысты келушілер легін реттеп отыру мақсатында табиғат қорғау мекемесінің әкімшілігі осы Ережеге қосымшаға сәйкес нысан бойынша Келушілерді есепке алу журналын (бұдан әрі - Журнал) жүргізеді.

Журнал нөмірленеді, жіппен байланады және оған табиғат қорғау мекемесінің мөрі басылады.

1.4. Инфрақұрылымы

Жолдар жүйесі

Қаумалдардың аумағындағы жолдар жүйесі грунтты жолдармен ұсынылған, олардың бір бөлігі сор құмды жерлермен өтеді және ылғал кезеңінде өтімділігі нашарлап немесе толық тоқтайды.

Электрмен қамтамасыз ету

Қаумалдардың аумағында орталықтандырылған электр желісі жоқ. Қаумалдар аумағындағы жер пайдаланушылары (шаруа қожалықтар) сұйық отынмен (жанар-май) қуаттандырылатын өздеріне тиесілі шағын электр қуат көздерін тұтынады. Қаумалдардағы қызметтік кордондарға арналған қозғалмалы электрогенераторлармен жабдықтау көзделген: қуаты 5,0–10,0 кВт.

Су қамтамасыз ету және су бұру

Қаумалдар аумағында орталық су құбыры мен кәріз жүйесі жоқ. Жер пайдаланушылардың су қамтамасыз етуі өздігінен тасымалданатын сумен жүзеге асырылады. Шаруа қожалықтарының аумағында кәріз жүйесі жертөлелермен жабдықталған.

Қаумалдар қызметкерлерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде және шекараларда болу кезінде су қамтамасыз ету тасымалданатын сумен жүзеге асырылады.

Қаумалдың орналасқан ауданында жерүсті су көздері өте аз. Жер асты суларының табиғи шығулары бұлақтар түрінде байқалады. Сондықтан жергілікті халықты сумен қамтамасыз етудің негізгі көзі – жер асты сулары. Сулар аз минералданған және гидрокарбонат-кальций типіне жатады, минералдануы 3–5 г/л, ал минералдануы жоғары сульфат-кальций-натрий типіне жатады, минералдануы 5–10 г/л.

Чинктердің бойында жерасты сулары табиғи түрде бұлақ түрінде жер бетіне шығып отырады.

Гидрографияны Жақсы-Қарасай және Жаман-Қарасай уақытша жылғалары құрайды, олардың арналары бойында бір кездері бірнеше бөгеттер салынған. Қазіргі уақытта бұл уақытша су арналары көктем мезгілінде де сумен толыспайды. Соның салдарынан бөгеттер бұзылып, 10–15 жыл бұрын болған шағын тоғандар мүлде жойылған.

1.5. Физикалық ерекшелігі

Төменде Қаумалдардың орналасқан ауданының табиғи-климаттік жағдайларының қысқаша сипаттамасы берілген.

Қаумалдар географиялық орны бойынша, Арал-Каспий суайрығы аумағында орналасқан, бұл Қазақстан, Өзбекстан және Түрікменстанның әкімшілік шекараларында орналасқан Арал және Каспий теңіздерінің арасындағы бірегей шөлді аймақ. Климаттық жағдайлары бойынша бұл аймақ шөлді климаттық аймаққа, континенталды солтүстік және оңтүстік-тұрандық провинцияларға жатады, жартылай шөлдер мен солтүстік шөлдердің қосалқы аймағының өтпелі жолағында. Шамамен 45 және 47 градус солтүстік ендік пен 55 және 56 градус шығыс бойлық аралығында. Жоғарыда айтылғандай, Молаарпа, Киянды, Боқатай Бенике және Мыңсуалмас сияқты жерлерде орналасқан екі чинк, сондай-ақ оларға жақын орналасқан жазық үстірттер кірді, олар Маңғыстау облысының солтүстігінде орналасқан.

1.5.1. Климат

Аумақтың климаты күрт континенттік, өте құрғақ, мұхиттың жұмсартушы әсерінен алыс, құрғақ ауа массаларының әсерінен қалыптасады. Жылдың суық кезеңінде мұнда сибір антициклонының батыс тармағынан («Воейков осі») келетін ауа массалары басым болады, жылдың жылы кезеңінде олар континенттік тұрандық және ирандық ауа массаларымен ауысады. Жылдық жауын-шашын мөлшері 120-200 мм құрайды. Оң температуралардың жиынтығы 3200-3300°C құрайды. Жауын-шашын жалпы жыл бойы біркелкі бөлінеді, олардың ең көп мөлшері әр жылдары жазғы да, қысқы-көктемгі де

кезеңдерге келуі мүмкін. Орташа жылдық температура көрсеткіштері 5,7-ден 9,7°C-ге дейінгі үлкен шектерде өзгереді. Гидротермиялық коэффициент 0,4.

Жаз ұзақ және өте ыстық, шілде айының орташа температурасы 23-32°C. Күндізгі ауаның ең жоғары температурасы 45-50°C-қа жетеді, ал топырақ беті 70°C-қа дейін қызуы мүмкін. Қыс қысқа, қаңтар айының орташа температурасы -1°C-тан -12°C-қа дейін. Температураның абсолюттік минимумы -44--45°C. Осылайша, жылдық температура амплитудасы – 85-87°C. Қар жамылғысының биіктігі 20 см-ге әрең жетеді. Қардағы орташа су қоры – 41 мм. Тұрақты қар жамылғысы бар кезеңнің ұзақтығы – 80-90 күн. Аязсыз кезеңнің ұзақтығы – 164-166 күн.

1.5.2. Рельеф

Қаумал аумағы Солтүстік-Үстірт толқынды-төбелі ауданына жатады. Рельефі толқынды-төбелі, чинктердің айқын бөлінетін тіректерімен, төбелердің, созылған ойпаңдардың және сор ойықтарының кезектесуімен сипатталады. Жазық үстірттердің тегістелген беттері оңтүстік-шығысқа қарай сәл еңкейген. Жазық үстірттердің тік беткейлері (чинктер) ирек, тегіс емес сипатқа ие, толқынды жиектерімен сипатталады. Салыстырмалы биіктіктері – шамамен 50 м. Чинктердегі түрлі-түсті сазды және тасты жыныстардың шығуы өзіндік ландшафттарды қалыптастырды.

Жазық үстірт негізінен үшіншілік әктастардан тұрады, олардың элювийі, карбонатты саздақтар мен ішінара құмдақтармен ұсынылған, топырақ түзуші жыныстар болып табылады.

Жазық үстіртте сұр-қоңыр топырақтар қалыптасады, олардың арасында әдеттегі, сортаң-сортық, тығыз жыныстардың шығуында – аз дамыған, саздардың шығуында – примитивті топырақтар бөлінеді. Жырларға шайылған топырақтар жатады. Төбеаралық ойпаңдарға әртүрлі тік беткейлерде, соның ішінде чинктерде де қалыптасатын қоңыр топырақтар жатады. Қоңыр топырақтардың арасында аз дамыған, примитивті және шайылған топырақтар бөлінеді. Сор ойықтарының шеттерінде сортаңдар дамыған, кей жерлерде тақырлар кездеседі.

Абсолюттік белгілер сор ойықтарымен айналысатын ойпаңдардағы 25 м-ден жазық үстірттегі 152 м-ге дейін өзгереді.

Топырақ түзуші және төсеніш жыныстар механикалық құрамы бойынша әртүрлі теңіз шөгінділерімен ұсынылған – құмдақтардан саздарға дейін. Қатты сортаңдану, карбонаттар мен гипстің болуы тән.

Қаумал аумағы Каспий маңы синеклизасының оңтүстігінде орналасқан. Солтүстік және солтүстік-батыс шекарасы Үстірттің батыс чинкінің контуры болып табылады, ол II ретті ірі тектоникалық құрылым сызығымен өтеді, ал учаскенің оңтүстік және шығыс бөліктері Үстірттің құрылымдық-денудациялық жазық үстіртінің шекараларында орналасқан.

1.5.3. Геология

Қаумалдар аумағы Үстірт құрылымдық-денудациялық жазығының солтүстік және солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан.

Геологиялық-геоморфологиялық карта бойынша келесі генетикалық бедер түрлері ажыратылған:

- эоценнен жоғары миоценге дейінгі жастағы денудациялық көтеріңкі жазықтар;
- денудациялық-аккумуляциялық жазықтар;
- төрттік дәуірдің көлдік-аллювийлік аккумуляциялық жазықтары.

Аумақтың солтүстігі мен батысында, шоқы маңы жолағында (предчинковая полоса), екі контур бойынша сорлы ойыстар байқалады. Олар абсолюттік биіктігі –29 м және –46 м болатын хвалындық ярустың жоғарғы төрттік дәуіріне тән теңіздік аккумуляциялық жазықтар болып табылады.

Осы аймақтың сәл биіктеу бөліктерінде (–24 м және –26 м белгіде) шоқы маңы жолағында пролювиалдық аккумуляциялық әлсіз толқынды жазық қалыптасқан. Ол олигоцен және төменгі миоцен дәуірінің шөгінділерінен түзілген, ал үстін ерте хвалын теңізінің 3–5 метрлік аккумуляциялық үйінділері жауып жатыр.

Ені 1–3 км болатын шоқы маңы жолағында орта миоцен дәуірінің сұр және сұрғылт-жасыл әктасты саздары мен мергель, әктас және ұлутастар қабаттарынан құралған, түрлі түсті сай-жыралы, сырғыма және қалдықты (останцовый) бедерлі көлбеу жазық қалыптасқан.

Одан әрі 45°-қа дейінгі тік еңіс абразиялық жарқабақ — чинк орналасқан. Оның беткі бөлігін орта миоцен дәуірінің неоген жыныстары құрайды, ал үстін жоғары және төменгі миоцен дәуірінің әктас, ұлутасты және мергельді қабаттары жауып жатыр.

Чинктерден оңтүстік-шығысқа қарай екі контур бойымен жоғары және төменгі миоцен дәуірінің неоген жыныстарынан түзілген, үстін орта және жоғары төрттік дәуірдің шөгінді қабаттары жауып жатқан жайпақ әлсіз толқынды жазықтар созылып жатыр.

Сондай-ақ, жазық аумақта литологиялық тұрғыдан жеке контурлар бар екені атап өтіледі. Олар 3–4 метрге дейінгі қалың орта және жоғары төрттік дәуірдің тұзданған карбонатты шөгінділерімен жабылған.

Аумақтың солтүстік бөлігінде борлы-мергельді жыныстар үстінде, жазық әрі тайыз ойыстарда қалыптасқан тақырлар кездеседі.

1.5.4. Топырақ

Жобалық аумақ Арал–Каспий провинциясының Эмба округіне кіретін шөл аймағына жатады. Топырақ жамылғысын қоңыр топырақтар құрайды (3-кесте).

3-кесте

Индекс	Наименование
533	Аз дамыған қоңыр топырақтар
534	Примитивті қоңыр топырақтар
535	Жуылған қоңыр топырақтар
537	Кәдімгі сұр-қоңыр (сортаңдау) топырақтар
538	Сұр-қоңыр сортаң және сортаңдау топырақтар
543	Аз дамыған сұр-қоңыр топырақтар

679	Ұсақ қоңыр сортаңдар
694	Шалғынды-қоңыр қатпарлы сортаңдар
695	Ұсақ шалғынды-қоңыр сортаңдар
720	Тақырлар
725	Сор сортаңдар
739	Тығыз жыныстарың ашылуы (шығыстары)
740	Саздардың ашылуы (шығыстары)

1.5.5. Гидрогеология

Қаумалдар географиялық тұрғыдан Үстірт құрылымдық-денудациялық жазығының солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан.

Аумақ тұйық алапқа жатады, яғни беткі су көздері іс жүзінде жоқ деуге болады. Тек әр бес жылда бір рет болатын ылғалды жылдары, атмосфералық жауын-шашыннан жиналған еріген сулармен толығымен тақыр беттері ғана кездеседі. Бұл суларды кей жағдайда мал суаруға пайдалануға болады.

Аумақтың солтүстік және оңтүстік бөліктерінде, батыс жағындағы шекаралық аймақта орналасқан сорлы ойыстар мен сортаңды суайрық жазықтарында жер асты сулары Хвалын теңіздік кезеңінің тұзды құмды-сазды жыныстар қабаттарында 0,7–3,0 м және 5–10 м тереңдікте орналасқан. Бұл сулардың минералдануы 10-нан 50 г/л-ге дейін жетеді.

Терең жыралар мен шоқылардың беткейлерінде кей жерлерде жер астының кеуекті-жарықшақты сулары жер бетіне бұлақ түрінде шығып отырады, олардың су шығымы шамамен 5–6 л/сек және жыл мезгіліне байланысты өзгеріп отырады. Ең жоғары су шығымы тамыз–қыркүйек айларында байқалады, ал жаз айларында және қуаңшылық жылдары кейбір аз дебитті бұлақтар мүлдем құрғап кетеді.

Қаумалдар аумағында уақытша су арналарының іздері кездеседі, кей жерлерде тұщы және тұзды бұлақтар мен құдықтар бар, олар көбіне шоқыларға жақын аймақтарда шоғырланған. Уақытша өзен арналары көктем мезгілінде еріген қар суымен толады.

Аумақтардың басым бөлігінде жер асты сулары терең қабатта орналасқандықтан, олар топырақ түзілу үрдісіне әсер етпейді. Ал сор және тұзды ойыстарда минералданған жер асты сулары 1–2 м тереңдікте орналасып, топырақтың тұздануына себеп болады.

1.6. Биологиялық әртүрлілікті зерделеу сатысы ғылыми зерттеу жүргізу

Флора мен өсімдіктер жамылғысы

Қаумалдар геоботаникалық аудандастыру бойынша Арал–Каспий суайрығының аумағы Азияның шөлді аймағына жатады. Маңғыстау мен Үстірттің солтүстік және орталық бөліктері Тұран тобы провинцияларының шөлді аймақтарына кіреді. Осы аумақ шегінде келесі ботаникалық-географиялық округтер бөлінеді:

1. Үстірт маңы округі (Үстірт маңы ойпаты) – Солтүстік Каспий провинциясы. Мұнда жусанды–сораңды өсімдік қауымдастықтары басым, ал қалдықты жазықтардың (останцылардың) тегіс төбелерінде

- дала жусанды өсімдік кешендері кездеседі.
2. Бозашы округі – Маңғыстау қосалқы провинциясы, Арал–Каспий провинциясы. Мұнда жусанды және биюргунды қауымдастықтар кең тараған; құмды жерлерде жусандарға еркекшөп, кейбір бетегелер мен құмда өсетін жартылай бұталар қосылады. Жусан-соранды кешендер арасында галофитті (тұзға төзімді) жартылай бұталар айтарлықтай дамыған.
 3. Солтүстік Маңғыстау округі – Мұнда қиыршықтасты топырақтарда сирек шоғырланған жусан-соран өсімдіктері өседі, ал жоталардың төбелерінде дала шөптесіндері елеулі рөл атқарады.
 4. Орталық Үстірт округі – Үстірт–Мұғаджар қосалқы провинциясы. Мұнда соранды–сұржусанды өсімдік кешендері кең дамыған: солтүстік және орталық бөліктерде — биюргунды, баялышты, сұржусанды; ал оңтүстігінде — тетирлі–сұржусанды өсімдік қауымдастықтары басым. Көл маңындағы шұңқырлар мен шағын құмды алқаптарда еркекшөпті–жусанды өсімдіктер таралған.
 5. Оңтүстік Үстірт және Маңғыстау бөліктері — Алдыңғы Азия тобына кіретін Каспий маңы шығыс қосалқы провинциясының Оңтүстік Үстірт округіне жатады. Мұнда сазды жазықтарда тетирмен араласқан оңтүстік жусанды өсімдіктер басым. Қиыршықтасты беткейлерде оларды оңтүстік жусанды, баялышты және басқа да бұталы өсімдік қауымдастықтары алмастырады. Бұл қауымдастықтарда эфемерлер мен эфемероидтар өте сирек кездеседі. Кейбір жерлерде осы өсімдіктердің арасында сирек те болса аласа бойлы қара сексеуіл бұталары өседі.

Қазақстан шөлдерінің жайылымдық аудандастыру сызбасына сәйкес, Арал–Каспий суайрығы аумағы екі қосалқы аймаққа бөлінеді — солтүстік және оңтүстік. Солтүстік бөлігі Каспий маңы–Арал маңы провинциясының құрамындағы Заурал–Үстірт округіне жатады.

Бұл округтің флорасы шамамен 800 өсімдік түрінен тұрады; олар қоңыр, сұр-қоңыр және сортаң топырақтарда өседі (құмды жайылымдарда – 364 түр). Оңтүстік бөлігі – Каспий маңы (Оңтүстік Үстірт) округіне, яғни оңтүстік қосалқы аймаққа кіреді.

Екі аймақтың арасындағы шекара шамамен солтүстік ендік бойынша 44–43° аралығында өтіп, климаттық қосалқы аймақтардың шекарасына сәйкес келеді.

Арал–Каспийдің солтүстік және батыс бөліктерінде жусан басым шөлдер таралған; соранды және шырынды-соранды (жартылай бұталы және біржылдық соранды) өсімдік қауымдастықтары галофитті шалғындармен және шөл ойыстарындағы сортаңдармен үйлеседі. Аймақтың орталық бөлігінде соранды шөлдер мен жусан шөлдері қатар кездеседі, ал оңтүстік бөлігінде эфемерлі–жусан шөлдері басым. Кей жерлерде олар соран өсімдіктерімен араласып, құмды жерлерде сексеуіл және бұталы шөлдер түрінде дамиды.

Бұл өңір ағаш өсімдіктерге өте кедей, сексеуіл мен тамарикстен (жыңғылдан) басқа ағаш түрлері сирек кездеседі. Олардың қатарында — Каспий маңы доланасы, Синтенис жөтері, Шобер селитрянкасы бар. Кей

жерлерде түрлі жапырақты терек (туранга) жеке ағаш немесе реликті тоғай түрінде кездеседі.

Фауна мен жануарлар дүниесі

Қаумал орналасқан аймақтың фаунасы мен жануарлар әлемі жеткілікті деңгейде зерттелмеген.

Қазақстанда тіркелген 488 құс түрінің кемінде 286 түрі (яғни 59%) осы өңірде кездеседі. Солардың ішінде испан тасшыбыны Қазақстанда тек Маңғыстауда ғана кездеседі. Ал құм шіл (пустынная куропатка), малшы торғайы (скотоцерка), испан және қарамоён тасшыбындар Қазақстанда тек Қызылқұм мен Арал–Каспий суайрығында кездеседі. Султанка тек Каспий теңізінің солтүстік жағалауында мекендейді (Қазақ КСР генетикалық қоры кітабы, 1989).

Қазақстан фаунасындағы 178 сүтқоректі түрінің шамамен 80 түрі (45%) осы өңірге тиесілі (Қазақ КСР генетикалық қоры кітабы, 1989; Плахов, 2002).

Олардың ішінде Қазақстан аумағында тек Арал–Каспий суайрығында ғана кездесетін 7 ерекше түр бар:

- тікенқұлақ кірпі (ұзын инелі кірпі),
- ұсақ ақтіс (белозубка-малютка),
- жолақты гиена,
- балжегіш (медоед),
- бархан мысығы,
- қарақал,
- үстірт арқары (үстірт тау қойы).

Сонымен қатар, бұрын осы өңірде мекендеген, бірақ бүгінде жойылып кеткен деп есептелетін гепард түрі де тіркелген.

Үстірт арқары — бұл өңірдің эндемигі, яғни тек осы аймаққа ғана тән жануар түрі болып табылады (Плахов, 2003).

1.7. Әлеуметтік-экономикалық жағдайы

Маңғыстау облысының аумағы минералдық-шикізат ресурстарын орналастыруда айтарлықтай орын алады. Мұнда шығарылатын мұнай қорының шамамен 24%-ы, табиғи газ қорының 8%-ы, конденсат қорының 0,7%-ы, сирек металдар қорының 100%-ы, уран кендерінің 3,2%-ы, фосфориттердің 0,3%-ы, өңделген тас қорының 90,5%-ы, сондай-ақ жер асты сулары шоғырланған. Өзен, Жетібай, Қаламкас, Қаражанбас және Солтүстік Бозащы сынды 5 ірі кен орындарында облыстың бар барлық барланған мұнай қорының шамамен 70%-ы шоғырланған. Сонымен қатар, 5 полиметаллды және 4 уран кен орны барланған.

Маңғыстау облысы — Қазақстандағы бірегей өндірістік кешен, өз алдына автономды түрде барлық түрдегі энергия мен суды өндіретін Маңғышлақ атом энергетикалық комбинаты («Қазатомпром»-ның құрамына кіретін бөлімше) арқылы қамтамасыз етіледі. Облыстың жалпы ауданы 165 642 км², бұл республиканың 6,1%-ын құрайды және 7-орында тұр.

ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің 2025 жылғы 1 сәуірдегі мәліметтерге сәйкес, Маңғыстау облысы тұрғындарының

саны 808,9 мың адамды құрады.

Маңғыстау облысының 2025 жылдың 1 қаңтар мен 1 мамыр аралығындағы халық саны мен әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінің өзгерістері кезеңде 4-кестеде көрсетілген.

4-кесте

Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер мониторингі

Атауы	2025 ж. 1 қаңтар- дағы саны	Халық- тың жалпы өсімі	Оның ішінде		2025 ж. 1 мамыр- дағы саны	Есептік кезең үшін	
			табиғи өсу	көші- қон сальдо сы		өсу қарқы- ны, пайыз- бен	орта-ша саны
Барлық халық							
Маңғыстау облысы	805 156	5 556	4 677	879	810 712	0,69	807 934
Ақтау қ.	293 498	4 385	1 594	2 791	297 883	1,49	295 691
Жаңаөзен қ.	154 025	634	891	-257	154 659	0,41	154 342
Бейнеу ауданы	72 836	-142	439	-581	72 694	-0,19	72 765
Қарақия ауданы	36 487	22	191	-169	36 509	0,06	36 498
Маңғыстау ауданы	34 856	-136	198	-334	34 720	-0,39	34 788
Мұнайлы ауданы	172 566	454	1 126	-672	173 020	0,26	172 793
Түпқараған ауданы	40 888	339	238	101	41 227	0,83	41 058
Қала халқы							
Маңғыстау облысы	370 671	4 566	1 992	2 574	375 237	1,23	372 954
Ақтау қ.	285 540	4 378	1 555	2 823	289 918	1,53	287 729
Жаңаөзен қ.	76 384	212	392	-180	76 596	0,28	76 490
Түпқараған ауданы	8 747	-24	45	-69	8 723	-0,27	8 735
Ауыл халқы							
Маңғыстау облысы	434 485	990	2 685	-1 695	435 475	0,23	434 980
Ақтау қ.	7 958	7	39	-32	7 965	0,09	7 962
Жаңаөзен қ.	77 641	422	499	-77	78 063	0,54	77 852
Бейнеу а.	72 836	-142	439	-581	72 694	-0,19	72 765
Қарақия ауданы	36 487	22	191	-169	36 509	0,06	36 498
Маңғыстау ауданы	34 856	-136	198	-334	34 720	-0,39	34 788
Мұнайлы	172 566	454	1 126	-672	173 020	0,26	172 793

ауданы							
Түпқараған ауданы	32 141	363	193	170	32 504	1,13	32 323

1.7.1. Халқы

Маңғыстау облысының негізгі экономикалық көрсеткіштері 5-кестеде ұсынылған.

5-кесте

Маңғыстау облысының экономикалық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Маңғыстау облысы
Жалпы өңірлік өнім млн. теңге	4 470 840,0
Өткен жылға пайызбен	102,7
Жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнім мың теңге	5 754,2
Негізгі капиталға инвестициялар, млн. теңге	1 102 172
Өткен жылға пайызбен	135,1
Тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны, жыл соңына бірлік	84 971
Шағын және орта кәсіпкерліктің белсенді субъектілерінің саны, жыл соңына бірлік	79 742
Шағын және орта кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандар саны, жылына орта есеппен, адам	152 548
Барлық шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің өнім шығаруы, млн. теңге	1 857 493

Ескерту: Маңғыстау облысының статистика департаментінің «Маңғыстау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы» есебі бойынша 2023 жыл.

2023 жылғы Маңғыстау облысының экономикалық қызмет түрлері бойынша өнеркәсіп өндірісінің көлемі 6-кестеде көрсетілген.

6-кесте

2023 жылғы экономикалық қызмет түрлері бойынша өнеркәсіп өндірісінің көлемі (млн. теңге)

Көрсеткіштер	Маңғыстау облысы
өнеркәсіп өндірісінің көлемі млн. теңге	3 065 797,2
өткен жылға пайызбен	99,0
тау-кен өнеркәсібі млн. теңге	2 606 733,0
өткен жылға пайызбен	98,6
өңдеу өнеркәсібі млн. теңге	241 729,5
өткен жылға пайызбен	99,6
электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауаны баптау млн. теңге	188 257,7
өткен жылға пайызбен	104,4
сүмен жабдықтау; кәріз жүйесі, қалдықтарды жинау мен бөлуді бақылау млн. теңге	29 077,0
өткен жылға пайызбен	103,4

1.7.2. «Есет» және «Көлеңкелі» мемлекеттік табиғи (кешенді) қамалдарының орналасу аймағының экономикалық жағдайлары

Қалалар мен ауылдық елді мекендерге облыстың жалпы ерекшеліктеріне сәйкес халық құрамы, демографиялық және экономикалық процестер тән. Бұл елді мекендердегі негізгі кәсібі – мал шаруашылығына бағытталған ауыл шаруашылығы. Ауылдарға асфальт жолдармен қатынауға болады.

Қаумалдарға елді мекендердің әсері айтарлықтай байқалмайды, себебі олар қашық орналасқан.

Маңғыстау облысы бойынша 2023 жылғы ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемі мен мал саны 7-кестеде көрсетілген.

7-кесте

Маңғыстау облысы бойынша 2023 жылғы қызмет түрлері бойынша өнімнің (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) көлемі (млн. теңгемен)

Көрсеткіштер	Маңғыстау облысы
Ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы млн. теңге	32 715,5
Ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің (көрсетілетін қызметтерінің) нақты көлемінің индексі, өткен жылға % - бен	105,1
одан:	...
өсімдік шаруашылығының жалпы өнімі	...
млн. теңге	5 012,4
өсімдік шаруашылығының жалпы өнімінің нақты көлемінің индексі, өткен жылға % - бен	103,7
мал шаруашылығының жалпы өнімі	...
млн. теңге	27 032,2
мал шаруашылығының жалпы өнімінің нақты көлемінің индексі, өткен жылға % - бен	108,2
Ауыл шаруашылығы дақылдарының нақтыланған егіс алаңы, мың га	0,9
Негізгі ауыл шаруашылығы дақылдарын жалпы жинау, мың тонна	...
дәнді дақылдар (күрішті қосқанда) және бұршақ дақылдары	...
Картоп	...
көкөністер	7,5
Мал мен құстың саны, жыл соңында, мың бас	
ірі қара	19,0
қой мен ешкі	306,8
Шошқалар	...
Жылқылар	131,2
үй құсы	1061,3

Маңғыстау облысында 2024 жылға арналған ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы мен әрбір қызмет түрінің үлесі 8-кестеде көрсетілген.

2024 жылға арналған қызмет түрлері бойынша ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы Маңғыстау облысы (млн. теңгемен)

Атауы	2024 жыл	Пайызбен 2023 жылға
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	37 253,9	103,8
Өсімдік және мал шаруашылығы, аң аулау және осы салаларда қызмет көрсету	35 573,3	102,3
Ауыл шаруашылығы	35 569,8	102,3
Аңшылық және жануарларды аулау, сонымен қатар осы салалардағы қызмет көрсету	3,6	100,0
Ағаш өсіру және ағаш кесу	155,9	110,3
Балық аулау және балық шаруашылығы	1 524,6	193,5

2024 жылғы өңірлер бойынша мал шаруашылығының жалпы өнімі, оның ішінде ауыл шаруашылығын қалыптастыру және жеке шаруашылықтардың үлесі 9-кестеде көрсетілген.

Өңірлер бойынша мал шаруашылығының жалпы өнімі (млн. теңге)


	Шаруашылықтардың барлық санаттары		Ауыл шаруашылығын қалыптастыру		Оның ішінде				Халық шаруашылықтары	
					ауыл шаруашылығы кәсіпорындары		жеке кәсіпкерлер және шаруа немесе фермер қожалықтары			
					2024ж.	ИФО 2024ж. % 2023ж.ж-ға	2024ж.	ИФО 2024ж. % 2023ж-ға		
Маңғыстау облысы	29961	102,7	16126,1	107,5	9677,2	111,0	6448,9	102,5	13834,9	97,6
Бейнеу ауданы	5036,2	101,2	2179,7	103,6	0,0	0,0	2 179,7	103,6	2856,4	99,5
Қарақия ауданы	3274,9	99,8	960,5	95,8	39,0	44,1	921,5	100,9	2314,4	101,3
Маңғыстау ауданы	7498,1	100,6	1759,6	110,5	43,4	118,2	1716,2	97,5	5738,4	101,5

2023 жылғы жұмыссыз ретінде тіркелген азаматтардың саны өңірлер бойынша 10-кестеде көрсетілген. 2023 жылғы Маңғыстау облысының Бейнеу, Маңғыстау және Қарақия аудандарында экономикалық белсенді және белсенді емес халық саны 5-суретте көрсетілген.

2023 жылға жұмыссыз ретінде тіркелген азаматтардың саны


Аудандар	Жұмыссыз ретінде тіркелген азаматтардың саны
	Барлығы, адам
Бейнеу ауданы	1,8
Маңғыстау облысы	0,9
Қарақия ауданы	0,9
Маңғыстау ауданы	17,6

5-сурет



2023 жылға Маңғыстау облысының Бейнеу, Маңғыстау және Қарақия аудандарында экономикалық белсенді және белсенді емес халық саны

2024 жылғы маусымда Маңғыстау облысының Бейнеу, Маңғыстау және Қарақия аудандарындағы орташа айлық еңбекақы 6-суретте көрсетілген.



Маңғыстау облысының Бейнеу ауданындағы орташа айлық еңбекақы
2024 жылғы маусымға

«Есет» мемлекеттік табиғи (кешенді) қамалының орналасқан аймақ — Бейнеу ауданы — туристік және рекреациялық қызметті дамыту үшін үлкен мүмкіндіктерге ие. Жергілікті халық Қаумалға келушілерге қызмет көрсетуге, оның ішінде экскурсия жүргізуші ретінде жұмыс істеуге, таза маршруттарды ұстауға және инфрақұрылымды дамытуға қатысуға тартылуы мүмкін, маңызды ресурс болып табылады. Туристік нысандарды салуға жеке инвестицияларды ұзақ мерзімді жалдау механизмдері арқылы тарту нақты перспективаға ие.

Сонымен қатар, жер пайдалану мәселелерін реттеу қажет, бұл Қаумал аумағын тиімді басқарудың маңызды шарты болып табылады. Жергілікті тұрғындар арасынан туризм және экологиялық ағарту саласында жұмыс істейтін білікті кадрларды даярлау да аймақтың тұрақты дамуына қосымша мүмкіндіктер ашады.

1.7.3. Экологиялық туризм

Маңғыстау облысының аумағы рекреациялық тұрғыдан әлі де аз зерттелген, және қазіргі таңда бұл сала негізінен туристік фирмалардың қызметінің есептермен шектеледі. Осыған байланысты Қорықтың негізгі міндеттерінің бірі — табиғи және мәдени-тарихи рекреациялық ресурстарды, сондай-ақ экологиялық туризмді дамытуға қажетті әлеуметтік-экономикалық және материалдық-техникалық жағдайларды зерттеу болуы тиіс.

Экологиялық туризм — бұл экожүйелердің тұтастығына нұқсан келтірмей, табиғаты салыстырмалы түрде бұзылмаған аймақтарға саяхат

жасау, сол арқылы аймақтың табиғи және мәдени-этнографиялық ерекшеліктерімен танысу, әрі табиғатты қорғау ісін жергілікті халық үшін экономикалық тұрғыдан пайдалы ету.

Мұндай ерекше орындардың бірі ретінде «Есет» қаумалын атауға болады.

Экологиялық туризмнің дамуы өңірдің экономикалық, әлеуметтік және мәдени өркендеуіне ықпал етеді. Ол үшін ең озық технологияларды пайдалану, жергілікті тұрғындарды қызмет көрсету ісіне кеңінен тарту қажет. Бұл олардың жұмыспен қамтылу деңгейін және табысын арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Маңғыстау өңірінің ұлттық дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын, салттарын, ұлттық киімін, тағамдарын және жалпы ұлттық мәдениетін сақтау мен насихаттау туристер — соның ішінде ресейлік және шетелдік азаматтар — үшін ерекше қызығушылық тудырады.

Экологиялық туризм адамның табиғатпен тікелей байланыста болуға деген қажеттілігін қанағаттандыратын, эмоциялық және психологиялық жүктемелерді азайтатын, жаңа жерлермен танысуға мүмкіндік беретін маңызды әлеуметтік рөл атқарады. Ол дүниетанымды кеңейтудің және әлемді танудың белсенді құралы болып табылады.

Қаумалдың бірегей жер бедері, шөлді өсімдіктер әлемі мен зоологиялық ресурстары (соның ішінде эндемиктер мен Қызыл кітапқа енген түрлердің көп болуы), сондай-ақ мәдени-тарихи мұра ескерткіштерінің бар болуы келесі экологиялық туризм түрлерін дамытуға зор мүмкіндік береді:

1. *Танымдық туризм.* Туристердің табиғи және мәдени-тарихи нысандарды аралауын қамтиды. Мұндай туризмнің әлеуетін ерекше табиғи аумақтар, флора мен фаунаның өкілдері, қайталанбас ландшафттар, өткен дәуірдің материалдық мәдениет пен тарих ескерткіштері құрайды.
2. *Ғылыми туризм.* Бұл археологиялық, биологиялық, палеонтологиялық және этнографиялық бағыттағы туризм түрлерін біріктіреді. Қаумал аумағында мұндай туризмнің дамуына қажетті табиғи және әлеуметтік-мәдени алғышарттар бар.
3. *Спорттық туризм.* Қаумал аумағы тау туризмін, альпинизмді, спорттық бағдарлауды, велотуризмді, парапланеризмді, парашют спорты мен ат спорты түрлерін дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, экзотикалық және сирек жануарларды фото және бейнетүсірілімге алу да қызықты бағыттардың бірі бола алады.
4. *Экстремалды туризм.* Бұл түрі белгілі бір физикалық жүктемелермен және адам өміріне қауіп төндіретін, бірақ денсаулықты шынықтыратын жағдайлармен байланысты. Қаумал аумағында экстремалды туризмді адамға қиын қолжетімді, өмір сүруге қолайсыз аймақтарға жорықтар түрінде ұйымдастыруға болады.
5. *Діни туризм.* Бұл — қасиетті орындарға зиярат жасау бағытындағы туризм түрі.

Аталған өңірде экологиялық туризмнің баяу дамуының негізгі себептерінің бірі — Қаумал аумағының облыс орталығы Ақтау қаласынан алыс орналасуы және туризмнің материалдық-техникалық базасының жеткіліксіз дамуы болып

табылады.

2013 жылы облыста 52 туристік компания жұмыс істеген болса, 2025 жылы олардың саны 81-ге жетті. Олардың ішінде тек «Экосафари», «Redmaya.travel», «Visit Mangystau», «BekoTravelNature», «MangystauWestKazakhstan», «Турист» және «Caspian Traffics» компаниялары облысқа экскурсиялық турлар ұйымдастырса, қалғандары виза туризмімен айналысады.

2023 жылы өңірге шамамен 330 мың адам келсе, 2024 жылы туристер саны 36 мыңға артты. 2005 жылы облыста 23 қонақ үй жұмыс істеген болса, 2024 жылы олардың саны 100-ден асты. 2024 жылдың басындағы мәлімет бойынша туристік қызметтен түсетін табыс 15 млрд. теңгеден астам болды.

2009 жылдың қыркүйегінде Ақтау қаласында Маңғыстау туризм колледжі ашылды. Қазіргі уақытта колледжде 900-ден астам студент оқиды. Оқушыларды даярлау процесіне Германия, Ұлыбритания еріктілері тартылды.

Қаумал аумағындағы реттелетін туризм мен рекреациялық қызмет уәкілетті орган бекіткен ережелерге сәйкес, туроператорлық лицензиясы бар жеке және заңды тұлғаларға арнайы рұқсат немесе келісімшарт негізінде жүзеге асырылады (ҚР «ЕҚТА туралы» Заңы, 46-бап).

Қаумал аумағында реттелетін рекреациялық қызметті барлық аймақтарда дерлік ұйымдастыруға болады. Алайда әр аймақтағы рекреациялық іс-шаралардың ерекшелігі қаумалдың қорғау режиміне және ландшафтық-эстетикалық құндылығына байланысты айқындалады.

«Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 262 қаулысымен елдегі туристік саланы дамыту үшін жалпы негіздемелік жағдайлар айқындалған. Осыған байланысты, «Есет» қаумалы — табиғи және мәдени-тарихи рекреациялық ресурстарды, сондай-ақ экотуризмді дамыту үшін әлеуметтік-экономикалық және материалдық-техникалық жағдайларды зерттеу болып табылады. Бұл тұжырымдамада Қазақстанның барлық аймақтары үшін ең тартымды туристік өнімдердің бірі ретінде экотуризмді қарастыру ұсынылады. Экотуризм – туризмнің басым бағыттарының бірі болып саналады және салыстырмалы түрде өзгермеген табиғи ортада саяхат жасау арқылы сол аймақтың табиғи және мәдени-этнографиялық ерекшеліктерімен танысуға мүмкіндік береді.

Маңғыстау облысы бірегей табиғи ресурстарға ие, олардың басым бөлігі экологиялық туризмді жүргізу үшін рекреациялық-туристік әлеуетті құрайды. Мұнда экологиялық-танымдық турларға да енгізілуі мүмкін тарихи-мәдени мұра объектілері орналасқан.

1.8. Қолданыстағы басқару бағдарламалары

1.8.1. Аумақты қорғауды ұйымдастыру

Табиғи кешендерді тиімді қорғау мен Қаумалдардың мемлекеттік табиғи-қорық қоры нысандарын сыртқы жағымсыз әсерлерден сақтау, сондай-ақ табиғатты қорғау іс-шараларын жүзеге асыру мақсатында Қаумал аумағы құрылымының негізгі элементі болып табылатын егерлік

айналымдарға бөлінген.

Қаумалдар аумағын айналымдарға бөлу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 19 қаңтардағы №53 қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орманды қорғау, күзету, өсімін молайту және орман өсіру бойынша нормалар мен нормативтер туралы» ережелерге сәйкес жүргізілген.

Аталған құжатқа сай, шөлді аймақтарда қаумалдың егерлік айналымының нормативтік ауданы — 20,0 мың гектар, ал инспекторлық (немесе мастерлік) учаскенікі — 80,0 мың гектар болып белгіленген. Сонымен қатар, аумақтың игерілу деңгейіне, рекреациялық жүктемеге және ерекше қорғалатын табиғи аумақтың аймақтарға бөлінуіне байланысты бұл нормативтерді $\pm 25\%$ шегінде түзетуге рұқсат етіледі.

Осылайша, «Есет» қаумалының аумағы жеті егерлік айналымға бөлініп, олар екі инспекторлық учаскеге біріктірілді (7-сурет). Әр айналымның егжей-тегжейлі сипаттамасы 11-кестеде келтірілген.


Ал, «Көлеңкелі» қаумалының аумағы үш егерлік айналымға бөлініп, олар бір инспекторлық учаскеге біріктірілді (8-сурет). Әр айналымның егжей-тегжейлі сипаттамасы 12-кестеде келтірілген.

Қаумал аумағын егерлік айналымдарға бөлу кезінде келесі факторлар ескерілген:

- жер бедері мен ландшафтық ерекшеліктері;
- аумақтың шолуға қолайлылығы;
- жол-көлік желісі мен оның өтімділігі;
- өрт қаупінің деңгейі;
- патруль жүргізуге қажетті уақыт.

Егерлік айналымдардың шекаралары табиғи межелерге — топырақ жолдарына, жыраларға, су арналарына, сайларға және басқа да табиғи элементтерге, сондай-ақ жер иеленушілер мен жер пайдаланушылардың учаске шекараларына сәйкестендіріліп белгіленді.

7-сурет «Есет» қаумалының аумағын егерлік айналымдар мен инспекторлық учаскелерге бөлу




11-кесте. «Есет» қаумалының аумағын инспекторлық (егерлік) айналымдардың сипаттамасы

№ егерлік айналым	Айналым алаңы, га	Аумақтың айналым сипаттамасы	Инспекторлар саны, адам	Күзету тәсілі
1	24 525,0	<p>Қаумалдың ең солтүстік бөлігінде орналасқан. Молаарпа және Қиянды сайларының арасындағы шоқының солтүстік бөлігін, сондай-ақ шоқыға іргелес жатқан үстірттің жоғарғы жазық бөлігін қамтиды. №2 егерлік айналыммен шекарасы қорықшаның солтүстік шекарасынан 159 биіктік нүктесі арқылы, Туйсмойыншақты сайындағы бекітілген құмдардың оңтүстігімен, солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай өтетін топырақты жолға дейін, одан әрі қаумалдың шығыс шекарасына дейін созылады. Айналым аумағында Үстірт тау арқары, сайғақ және жейранның маусымдық көшу жолдары мен сирек кездесетін жыртқыш құстардың мекен ету аймақтары бар; ерекше пішінді жекелеген жоталар түріндегі бірегей жер бедері нысандары орналасқан. 49 жыл мерзімге жалға берілген бір шаруа қожалығының жері бөлінген. Айналым аумағында №2 айналыммен шекарада жылжымалы кордон (вагон-үй), қарау алаңы, 2–4 көлікке арналған шағын автотұрақ, үш шатыр орнатуға арналған алаң, биоәжетхана, өрт сөндіру қалқаны, қатты тұрмыстық қалдықтарға арналған контейнер және 3 аншлаг (оның 2-і қаумал шекарасында) орнатылған.</p>	1	Рейдтік, вахталық
2	19 375,0	<p>Молаарпа мен Қиянды сайлары арасындағы шоқының жоғарғы жазық және төменгі бөлігін (оңтүстік бөлігі) қамтиды. №1 айналыммен шекарасы жоғарыда сипатталған. №3 және №4 айналымдармен шекарасы Қиянды сайы арқылы қаумалдың солтүстік-батыс шекарасынан бастап, 006-406 жер пайдаланушысымен шекара бойымен оңтүстік-шығысқа қарай қаумалдың шығыс шекарасына дейін өтеді. Айналым аумағында Үстірт арқары, сайғақ, жейран және сирек жыртқыш құстардың мекендері бар; ерекше пішінді жекелеген жоталар, сондай-ақ шоқының төменгі бөлігінде әртүрлі минералданған бұлақтар (мысалы, Тұзбұлақ және т.б.) кездеседі. Айналымның оңтүстік-шығыс бөлігінде жылжымалы кордон (вагон-үй), шағын автотұрақ, биоәжетхана, өрт сөндіру қалқаны, контейнер және 2 аншлаг (оның бірі қорықша шекарасында) орнатылған.</p>	1	Рейдтік, вахталық
3	21 032	<p>Қаумалдың батыс бөлігінде орналасқан. Мынсауалмас және Богатай-Бенике сайлары арасындағы шоқының жоғарғы және төменгі бөліктерін (оның солтүстік-батыс бөлігін) қамтиды. №2 айналыммен шекарасы жоғарыда сипатталған. №4 және №5 айналымдармен шекарасы Қиянды сайынан 143 биіктік нүктесі</p>	1	Рейдтік, вахталық

		арқылы, шоқының пішіні бойымен «Ахмет» шаруа қожалығының шекарасына дейін, одан әрі 152 биіктік нүктесінің солтүстігімен топырақты жолға дейін, 145 биіктігін айналып өтіп, қаумал шекарасына дейін өтеді. Айналым аумағында сайғақ пен жейранның маусымдық көшу жолдары, сирек жыртқыш құстардың мекендері бар; мәдени-тарихи мұра нысандары – көне қорымдар (Есетмола, Космола, Бүлдіргенмола және т.б.) және бұлақтар (Ақжарбұлақ, Косбұлақ, Есетбұлақ) орналасқан. 49 жыл мерзімге жалға берілген төрт шаруа қожалығы бар. Айналым аумағында жылжымалы кордон (вагон-үй), 143 биіктігі маңында қарау алаңы, 2–4 көлікке арналған автотұрақ, үш шатыр орнатуға арналған алаң, биоәжетхана, өрт қалқаны, контейнер және 2 аншлаг орнатылған.		
4	24 378,0	Қаумалдың орталық бөлігінде орналасқан. Мынсауалмас және Қиянды сайлары арасындағы шоқының жоғарғы және төменгі бөліктерін қамтиды. №2 және №3 айналымдармен шекарасы жоғарыда сипатталған. №6 айналыммен шекарасы Терексай сайының аңғарымен қорықшаның шығыс шекарасынан бастап, «Даурен» және «Ақайдар» шаруа қожалықтарының солтүстік-батыс шекараларымен өтіп, топырақты жолмен түйіседі. Айналым аумағында Үстірт арқары, сайғақ, жейран және сирек жыртқыш құстар мекендейді; шоқының төменгі бөлігінде әртүрлі минералданған бірнеше бұлақтар бар.	1	Рейдтік, вахталық
5	15 155,0	Қаумалдың оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан. Мынсауалмас және Богатай-Бенике сайлары арасындағы шоқының орталық бөлігін және оған іргелес жатқан үстірттің жоғарғы жазық бөлігін қамтиды. №3 айналыммен шекарасы жоғарыда сипатталған. №4 және №6 айналымдармен шекарасы 145 биіктік нүктесінің солтүстігіндегі жол қиылысынан басталып, шоқы бойымен оңтүстік-шығысқа қарай 135 биіктікке дейін, одан әрі оңтүстікке қарай -25 белгісіне дейін өтеді. Айналым аумағында Үстірт арқары, сайғақ, жейран және сирек жыртқыш құстар мекендейді; ерекше пішінді жекелеген жоталар мен шоқының төменгі бөлігінде орналасқан минералданған бұлақтар (Қараңғыбұлақ және т.б.) бар. Айналым аумағында жылжымалы кордон (вагон-үй), қарау алаңы, шағын автотұрақ, үш шатыр орнатуға арналған алаң, биоәжетхана, өрт қалқаны, контейнер және 1 аншлаг орнатылған.	1	Рейдтік, вахталық
6	23 313,0	Қаумалдың шығыс бөлігінде орналасқан. Мынсауалмас сайының жазық бөлігін қамтиды.	1	Рейдтік, вахталық

		<p>№4 және №5 айналымдармен шекарасы жоғарыда сипатталған. №7 айналыммен шекарасы 135 биіктік нүктесінен басталып, оңтүстік-шығысқа қарай қаумал шекарасына дейінгі топырақты жол бойымен өтеді.</p> <p>Айналым аумағында Үстірт арқары, сайғақ, жейран және сирек жыртқыш құстар мекендейді; мәдени-тарихи мұра ескерткіші болып табылатын көне қорым – Сайаралық зираты орналасқан. 49 жыл мерзімге жалға берілген үш шаруа қожалығы бар. Қаумал шекарасында 1 аншлаг орнатылған.</p>		
7	19 012,0	<p>Қаумалдың ең оңтүстік бөлігінде орналасқан. Ашықтайпақ сорына іргелес жатқан шоқының оңтүстік шетін қамтиды. №5 және №6 айналымдармен шекарасы жоғарыда сипатталған.</p> <p>Бұл айналым Үстірт арқары, сайғақ, жейран және сирек жыртқыш құстардың маусымдық көшу аймақтарын қамтиды; ерекше пішінді жоталар түріндегі бедер нысандары бар. 49 жыл мерзімге жалға берілген екі шаруа қожалығы бар. Айналым аумағында жылжымалы кордон (вагон-үй) орналасқан — ол туристік маршруттың бастапқы нүктесі болып табылады. Сондай-ақ 2–4 көлікке арналған шағын автотұрақ, үш шатыр орнатуға арналған алаң, биоәжетхана, өрт қалқаны, контейнер және 4 аншлаг (оның 3-і қорықша шекарасында) орнатылған.</p>	1	Рейдтік, вахталық

8-сурет «Көлеңкелі» қамалының аумағын егерлік айналымдар мен инспекторлық учаскелерге бөлу



12-кесте. «Көлеңкелі» қаумалының аумағын инспекторлық (егерлік) айналымдардың сипаттамасы

№ егерлік айналым	Айналым алаңы, га	Аумақтың айналым сипаттамасы	Инспекторлар саны, адам	Күзету тәсілі
1	20 046,1	<p>Жоғарғы жазық және шоқының (Көленкелі таулары) төменгі бөлігі аумағы: уақытша су арнасы (Жақсы-Қарасай сайы) және Тұрсынбайдың құрғап қалған тоғанының топырақ бөгеті орналасқан; маусымдық көші-қон кезінде үстірт арқары, сайғақ және жейран мекендейтін орындарымен;</p> <p>қаумалдың солтүстік-батыс бөлігінде (Атырау облысымен шекара маңында) орналасқан атаусыз сорымен;</p> <p>мәдени-тарихи мұра болып саналатын ежелгі қорымдарымен ерекшеленеді.</p> <p>Аумақта жылжымалы кордон (вагон-үй), қарау алаңы, 2–4 автокөлікке арналған шағын тұрақ, биотуалет, өртке қарсы шкаф, ҚТҚ-ға арналған контейнер, 5 аншлаг орнатылған, оның 2-еуі қаумал шекарасында.</p>	1	Рейдтік, вахталық
2	15 968,2	<p>Жоғарғы жазық және шоқының (Көленкелі таулары) төменгі бөлігі аумағы: маусымдық көші-қон кезінде үстірт арқары, сайғақ және жейран мекендейтін орындарымен;</p> <p>қаумалдың батыс бөлігінде (Атырау облысымен шекарада) орналасқан атаусыз сорымен;</p> <p>шоқының төменгі бөлігіндегі үш тұщы бұлақпен (Ақкынтық, Есембет, Қарашұшырау);</p> <p>мәдени-тарихи мұра саналатын ежелгі қорымдарымен сипатталады.</p> <p>Аумақта жылжымалы кордон (вагон-үй), қарау алаңы, 2–4 автокөлікке арналған шағын тұрақ, биотуалет, өртке қарсы шкаф, ҚТҚ-ға арналған контейнер, 2 аншлаг орнатылған, оның 1-еуі қаумал шекарасында.</p>	1	Рейдтік, вахталық
3	22 908,5	<p>Қаумалдың жазық (жоғарғы үстірт) бөлігі, солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай Жаман-Қарасай уақытша жылғасы және бірнеше топырақ бөгеттермен тілімденген аумақ:</p> <p>маусымдық көші-қон кезінде сайғақ пен жейран мекендейтін орындарымен және сирек кездесетін жыртқыш құстармен;</p> <p>орта және солтүстік шөлдерге тән өсімдіктер өскен атаусыз құмды массивімен;</p>	1	Рейдтік, вахталық

		<p>мәдени-тарихи мұра болып саналатын ежелгі қорымдарымен; тұзды, қазір қираған Ырғызбай құдығымен сипатталады.</p> <p>Аумақта жылжымалы кордон (вагон-үй), биотуалет, өртке қарсы шкаф, ҚТҚ контейнері, 5 аншлаг орнатылған, оның 4-еуі қаумал шекарасында.</p>		
--	--	--	--	--

1.8.2. Ғылыми қызмет

Қаумалдар аумағындағы ғылыми зерттеулердің негізгі бағыттары флора мен фаунаның түрлік құрамын зерттеу және мониторинг жүргізу, экожүйелердің табиғи динамикасын, құм көшкіндері мен топырақ эрозиясын зерттеу, биоалуантүрлілікті сақтау мен қалпына келтірудің ғылыми негіздерін әзірлеу, табиғи процестердің климаттық және антропогендік әсерлерге тәуелділігін бағалау болып табылады.

Ғылыми қызметті ғылыми ұйым немесе жоғары оқу орындарының бастамасымен жасау көзделген. Қаумалдар әкімшілігі (Бейнеу ормандар және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі КММ) табиғат қорғау режиміне қайшы келмеген жағдайда рұқсат береді.

Кей жағдайларда облыстық табиғи ресурстар басқармасының келісімі қажет.

Зерттеу аяқталған соң ғылыми есеп дайындалып, қаумал әкімшілігіне тапсырылады.

Ғылыми зерттеулер арқылы:

- флора мен фаунаның түрлік құрамына нақты инвентаризация жүргізіледі;
- экожүйелердің жай-күйі, топырақ пен өсім жамылғысының өзгерісі мониторинг арқылы бақыланады;
- алынған деректер қаумалдың Басқару жоспарын ғылыми тұрғыда негіздеуге мүмкіндік береді.

Нәтиже: қаумалдың табиғи байлығын бағалау мен қорғау шаралары нақты деректерге сүйенеді.

- Ғалымдар сирек және жойылып бара жатқан түрлердің биологиясын зерттеп, қорғау мен көбейту стратегиясын ұсынады;
- Өсімдік жамылғысын қалпына келтіру (мысалы, сексеуіл, жүзгін отырғызу) бойынша ғылыми негізделген тәсілдер әзірленеді.

Нәтиже: экожүйенің тұрақтылығы артады, табиғи процестер қалпына келеді.

Ғылыми талдау нәтижесінде жер мен суды тиімді пайдалану тәсілдері ұсынылады;

- Құм көшу, топырақ эрозиясы, жайылым жүктемесі сияқты мәселелерге ғылыми шешімдер беріледі.

Нәтиже: жер деградациясы азаяды, су мен топырақ балансы сақталады.

Ғылыми зерттеу жұмыстары жергілікті жастар мен студенттерді экологиялық ізденіске тартады;

- Университеттер мен ғылыми орталықтармен серіктестік байланыс орнайды;

- Жаңа мамандар даярлау, практикалық база құру мүмкіндігі туады.

Нәтиже: экологиялық мәдениет пен ғылыми әлеует дамиды.

- Зерттеу нәтижелері өңірдің табиғи әлеуетін дәлелдеуге, экологиялық туризм бағыттарын дамытуға негіз болады;

- Ғылыми негізделген ақпарат арқылы табиғат қорғау мен экономикалық даму арасындағы тепе-теңдік сақталады.

Нәтиже: өңір экологиялық әрі әлеуметтік тұрғыдан тұрақты дамиды.

- Ғылыми жұмыстар — қаумалдың экожүйесін түсінудің, қорғаудың және тұрақты дамытудың басты құралы.

1.8.3. Экологиялық ағарту

Экологиялық ағарту деп халықтың экологиялық мәдениетін қалыптастыру бағытындағы қызмет түсініледі, ол екі негізгі бағыттан тұрады: экологиялық білімді тарату және қоршаған ортаға қамқорлықпен қарауды, табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға тәрбиелеу.

1.8.4. Шектеулі шаруашылық қызмет

Қазақстан Республикасының «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Заңының 22-бабының 3-тармағына және 68-бабының 1-тармағына сәйкес, мемлекеттік табиғи заказниктердің жер учаскелері жер учаскелерінің меншік иелерінен және жер пайдаланушылардан оларды алып қоймай, сондай-ақ жер санаттарын өзгертпей, басқа санаттағы жерлер құрамында беріледі.

Жер пайдаланушылардың негізгі шаруашылық қызметі — мал шаруашылығы (мал жаю), және шаруашылық қызметке айтарлықтай шектеулер енгізу талап етілмейді.

Қаумалдарда табиғат қорғау қоры объектілерінің сақталуына қауіп төндіретін немесе олардың көбеюін нашарлататын кез келген қызметке тыйым салынады; соның ішінде кешенді мемлекеттік табиғи қаумалда — табиғи кешендердің сақталуына қауіп төндіретін шаруашылық қызметке, өсімдіктер мен жануарлардың бөгде түрлерін енгізуге тыйым салынады.

Кешенді мемлекеттік табиғи қаумалда аңшылық пен балық аулауға уәкілетті органның рұқсатымен, табиғат қорғау қоры объектілерінің сақталуына қауіп төндірмейтін жануарлар дүниесін алу көлеміне биологиялық негіздеме бойынша мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болғанда ғана жол беріледі.

Жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылар мемлекеттік табиғи қаумалда белгіленген шектеулерді сақтай отырып шаруашылық қызметті жүзеге асыруға құқылы. Яғни, табиғи кешендер мен табиғат қорғау қоры объектілеріне зиян келтірмейтін әдістермен дәстүрлі шаруашылық қызметті жүргізу мүмкін.

Қаумалдар аумағындағы жер пайдаланушылардың негізгі шаруашылық қызметі дәстүрлі болып табылады және негізінен ауыл шаруашылығымен, соның ішінде мал шаруашылығымен сипатталады. Қолданыстағы жер пайдаланушылар мен жер иеленушілердің шаруашылық қызметі табиғи

кешендер мен объектілерге зиян келтірмеген жағдайда шектелмейді.

Жер пайдаланушылар мен жер иеленушілер аумағында мынадай әрекеттерге жол берілмейді:

-браконьерлік;

- Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген сирек және жойылып бара жатқан өсімдіктер мен жануарларды жинау және алу;

- құстардың ұяларын, індерін, логоваларын және басқа да мекендеу орындарын бұзу, жұмыртқа жинау және жануарлардың қырылуына әкелуі мүмкін өзге де әрекеттер;

- өртке әкелуі мүмкін немқұрайлы от қолдану.

Сонымен қатар, Қаумалдар аумағында:

- радиоактивті материалдар мен өнеркәсіптік қалдықтарды көмуге;

- улы химикаттарды, тыңайтқыштар мен гербицидтерді сақтауға;

- химикаттар, тыңайтқыштар және гербицидтер қолданылатын интенсивті ауыл шаруашылығын жүргізуге;

- атмосфераға ластаушы заттарды шығарындыларды, ашық су көздеріне және жер бедеріне ағынды сулар мен ластаушы заттарды төгуге, қалдықтарды орналастыруға;

- экожүйелерге зиян келтіретін объектілерді орналастыруға, жобалауға, салуға және пайдалануға;

- өнеркәсіптік кәсіпорындар мен санитарлық-экологиялық тұрғыдан қауіпті өзге де объектілерді салуға;

- жануарлар дүниесін белгіленген лимиттен тыс және рұқсаттарда көрсетілген мерзімдерден тыс алуға;

- аңшылық және балық аулау қағидаларымен көзделмеген құралдар мен әдістерді қолдануға;

- ландшафтарды өзгертуге және деградацияға ұшыратуға, топырақ жамылғысын жоюға, ластауға, қоқыстауға, тұздандыруға;

- Қызыл кітапқа енгізілген сирек және жойылып бара жатқан өсімдіктер мен жануарларды жинауға және алуға;

- жабайы жануарлар мен жабайы өсімдіктердің бөгде түрлерін енгізуге;

- Қаумал экожүйелеріне зиян келтіріп, табиғи кешендерге және мәдени-тарихи объектілерге орны толмас залал келтіре алатын кез келген өзге де қызметке тыйым салынады.

Қаумалдар аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, табиғи кешендерге зиян келтірмейтін және мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған жағдайда шаруашылық қызметті жүзеге асыруға жол беріледі.

Барлық шектеулер Экология кодексі, Су кодексі, «ЕҚТА туралы» және «Жануарлар дүниесін қорғау, көбейту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының заңдары негізінде белгіленеді.

2. АҒЫМДАҒЫ КҮЙІН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫЛАР

2.1. Қаумалдардың экологиялық маңыздылығы

Қаумалдар Маңғыстау облысының Бейнеу ауданы аумағында, 205 712,8 гектар аумақтың экологиялық тұрақтылығын қалыптастыруда.

Қаумалдар «кешенді» ретінде белгілену арқылы, яғни онда әртүрлі экожүйелер – геофизикалық, өсімдік және жануарлар дүниесі кешені – сақталып, қорғауға алынуда.

Ағымдағы экологиялық маңыздылығы

Биоалуантүрлілікті сақтау

Мұндай ерекше қорғалатын табиғи аумақтар Қазақстандағы табиғи экожүйелерді, сирек кездесетін өсімдік пен жануар түрлерін қорғауға бағытталған. Мысалға, елімізде ЕҚТА (ерекше қорғалатын табиғи аумақтар) жалпы ауданы жер аумағының шамамен 10.8 %-ын құрайды.

Қаумалдардың үлкен алаңы оның экожүйелеріне тұрақты қарауға мүмкіндік береді, дала-шөлейт, мүмкін басқа өңірлік типтегі ландшафттар үшін үлкен мәнге ие.

Экологиялық буфер және табиғи кешендерді қорғау

Қаумалдар аумағында шаруашылық қызметіне белгілі бір шектеулер белгіленген. Қаумалдар аумағы шегінде табиғи кешендерге қатер төндіретін шаруашылық қызметтерге тыйым салынған.

Осы арқылы жергілікті экожүйелерге стресс төндіруін азайтып, табиғи тұрақтылықты сақтау көзделген.

Жергілікті және әлемдік климаттық, экологиялық рөл

Ұзақ мерзімді энергия балансы, топырақ қорғау, жел эрозиясын болдырмау сияқты функцияларды жүзеге асырады. Шөлейт, дала аймақтарында үлкен алаңдар табиғи қасиеттерін жоғалтып, деградацияға ұшыраған жағдайда экологиялық апат қаупі артады. Мұндай қаумалдар деградация үрдісін тежеуге қызмет етеді.

Сонымен қатар, жергілікті жергілікті климатты реттеу және су режимін реттеу қызметтері болуы мүмкін – мысалы, топырақ ылғалдылығын сақтау, құм шығынын азайту.

Экологиялық мониторинг пен ғылыми-білім беру орны ретінде

Қорғалатын аумақтар зерттеу, мониторинг жүргізу үшін маңызды платформа болып табылады. Бұл жерлерде табиғи кешендердің қалай өзгеріп жатқанын, климат өзгерісі мен адамдық әсерлердің динамикасын бақылауға болады.

Жергілікті қауымдастықтарда экологиялық білім беру, экотуризмді дамыту үшін де мүмкіндіктер туындауы мүмкін.

Қоршаған ортаға әсері және тұрақты даму

Мұндай аумақтар жергілікті тұрғындарға және жалпы қоғамға қызмет етеді: табиғи ресурс-қор ретінде, рекреациялық мақсатта және экотуризм арқылы экономикалық мәнге ие болуы мүмкін.

Сонымен бірге, экологиялық қауіпсіздік пен биоалуантүрлілікті сақтау – тұрақты даму мақсаттарының бөлігі, бұл тұрғыдан «Есет» қаумалының маңызы жоғары.

Қазіргі мәселелер мен мүмкін бағыттар

Қаумалдар режимінің сақталуы мен тұрақты қорғауды қамтамасыз ету – басты мәселе. Шаруашылық қызметке тыйым салынғанымен, бақылау, инспекция жұмыстары, қаржылық-ресурстық қамтамасыз ету маңызды. (Құжатта көрсетілген: бақылау, шектеулер белгіленген.)

Ауа райы мен климат өзгерісі әсерінен дала-шөлейт өңірлерде деградация, құм қозғалуы, топырақ шөлге айналуы мүмкін. Сондықтан бұл қаумал өзекті қорғау орны ретінде нақтылана түседі.

Жергілікті халықпен, шаруашылық субъектілермен байланыс, экологиялық білім беру және экотуризмді дамыту арқылы аумақтың экологиялық және әлеуметтік мәнін арттыруға болады.

Қаумалдар – Қазақстанның ерекше қорғалатын табиғи аумақтары жүйесінде маңызды буын. Оның экологиялық маңыздылығы мынада: биоалуантүрлілікті сақтау, табиғи кешендерді қорғау, климаттық және ландшафттық тұрақтылықты қамтамасыз ету, ғылыми-білім беру және жергілікті қауымдастықтарға экологиялық қызметтер ұсыну. Осыған байланысты оны сақтау және басқару шараларын күшейту – қазіргі замандағы аса өзекті міндет.

2.2. Ағымдағы басқару мақсаттары

Құқықтық шектеулер мен басқару міндеттері

- Қаумалдар аумағында «табиғи кешендерге қатер төндіретін шаруашылық қызметке, өсімдіктер мен жануарлардың бөтен түрлерін жерсіндіруге» тыйым салынған.
- Жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылар белгіленген шектеулерді сақтай отырып, қаумал аумағында шаруашылық қызмет жүргізе алады.

Басқарудағы мақсаттар (жоспарланған бағыттар)

- Қаумалдар аймағында табиғи ландшафттарды, өсімдік және жануарлар кешендерін сақтау.
- Шаруашылық қызметті, жер пайдалану мен меншік құқықтарын қорғау шеңберінде қоршаған ортаға әсерді азайту.
- Бөтен (интродукцияланған) түрлерді жерсіндірмеу арқылы экожүйенің табиғилығын сақтау.
- Қаумалдар аумағында мониторинг жүргізу, бақылау механизмдерін күшейту — мысалы, қорғау режимін қамтамасыз ету.
- Жергілікті қауымдастықтармен өзара іс-әрекетті, ақпараттық-білім беру жұмыстарын дамыту (жаңа бағыт ретінде).
- Өткізілетін зерттеу-ғылыми жұмыстар, экологиялық білім беру және қажет болса экотуризмнің дамуына жағдай жасау.
- Осылайша, Қаумалдарды басқарудың ағымдағы мақсаттары — табиғи

кешендердің тұтастығын сақтау, шаруашылық қызметтің экожүйеге зиян келтірмеуін қамтамасыз ету, шығынсыз және тиімсіз пайдалануды болдырмау, және жергілікті және мемлекеттік деңгейде табиғат қорғау міндеттерін орындау болып табылады.

2.3. Алдындағы кезеңдегі табиғат қорғау мекемесінің қызметін бағалау

2.3.1. Қаумалдардың ағымдағы қызметінің тиімділігін бағалау

Қаумалдар режимін заңдық тұрғыдан бекіту жүзеге асырылған: шаруашылық қызметке, өсімдік-жануар типтерінің бөтен түрлерін интродукциялауға шектеулер қойылған және заң бұзушылықтар тіркелмеген.

Бұл шектеулер экожүйенің тұтастығын қорғауға бағытталғандықтан басқару мақсаттарына сай келеді.

Мемлекеттік деңгейде экологиялық мониторинг жүйесін ұйымдастыруға қатысты заңдар бар: мысалы, Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесін ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы (2022 жылғы 2 қарашадағы № 861 қаулысы) қабылданған.

«Есет» және «Көлеңкелі» мемлекеттік табиғи қаумалдары Маңғыстау облысы әкімдігінің «Маңғыстау облысы әкімдігінің «Жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи қаумалдарын құру туралы» 2015 жылғы 27 ақпандағы № 53 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» 2022 жылғы 28 қыркүйектегі № 183 қаулысымен «Қызылсай» мемлекеттік өңірлік табиғи паркі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қарамағынан Бейнеу ормандар және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қарамағына берілді.

Қазіргі уақытта «Есет» қаумалында барлығы – 11 адам жұмыс жасайды. Оның ішінде 1 бөлім басшысы, 8 инспектор, 2 жүргізуші. «Көлеңкелі» қаумалында барлығы – 9 адам жұмыс жасайды. Оның ішінде 1 бөлім басшысы, 6 инспектор, 2 жүргізуші. Жұмыс режимдері рейдтік, алайда вахталық режимге көшу мәселесі қарастырылуда.

Мекемеде 2 дана техникалық құрал бар, олардың саны белгіленген нормаға сәйкес келеді. 2026 жылға арналған ауыз су сақтайтын цистерна сатып алу бойынша бюджеттік өтінім берілді.

Инспекторлар арнайы киіммен, байланыс құралдарымен, өртке қарсы жабдықтармен және көлікпен қамтамасыз етілген. Инспекторлық құрам өздеріне жүктелген міндеттерді орындау үшін жеткілікті тәжірибе мен біліктілікке ие. Мемлекеттік инспекторлар тәулік бойы патрульдеу жұмыстарын жүргізіп, табиғатты қорғау режимінің сақталуын бақылайды және жергілікті полиция органдарымен өзара әрекеттеседі.

Жүргізілген іс-шаралардың нәтижесінде браконьерлік жағдайларының саны азайды. Өрт қауіпсіздігі бөлімі өрттің алдын алу шараларын ұйымдастыруды үйлестіреді. 2021-2025 жылдар аралығында өрт жағдайы тіркелмеген.

Жануарлар дүниесін қорғау және өсімін молайту бөлімі жануарлар санының есебін жүргізуді, биотехникалық іс-шараларды және экожүйелердің

жағдайын мониторингтеуді ұйымдастырады. Тұрақты түрде бірлескен рейдтер, аумақты тұрмыстық қалдықтардан тазалау, қалпына келтіру және алдын алу жұмыстары жүргізіледі.

ҚР «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» заңы 33-бабының 3-тармағына сәйкес табиғат қорғау мекемелерінің мемлекеттік инспекторлары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен айырым белгілері бар нысанды киіммен (погонсыз), арнайы құралдармен және қызметтік қарумен қамтамасыз етілуге міндетті. Осыған байланысты инспекторлардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қызметтік міндеттерін орындауды жетілдіру мақсатында 2026 жылға қызметтік қару алу бойынша өтінім берілді.

Жануарларды біріккен санақ жұмыстары бойынша

13-кесте

Жануарлар	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл
«Есет» қаумалы бойынша:			
Үстірт арқары	315	340	401
Бүркіт	3	1	38
Қарабауыр	10	15	3
Түлкі	-	-	-
Ителгі	-	-	-
Барлығы	328	357	442
«Көлеңкелі» қаумалы бойынша:			
Үстірт арқары	-	25	25
Бүркіт	-	3	0
Түлкі	-	3	0
Қарабауыр	-	2	15
Қарсақ	-	0	2
Барлығы	-	31	42

Ішкі санақ бойынша

14-кесте

Жануарлар	2023 жыл	2025 жыл	2025 жыл
«Есет» қаумалы бойынша:			
Қарабауыр	100	120	150
Арқар	420	480	500
Шіл құсы	55	80	98
Қабан	5	9	10
Қарсақ	9	12	17
Бүркіт	4	6	8
Барлығы	593	707	783
«Көлеңкелі» қаумалы бойынша:			
Қарабауыр	200	280	450
Арқар	25	27	29
Шіл құсы	30	45	27
Қабан	6	8	12
Қарсақ	8	10	13
Бүркіт	2	4	5
Барлығы	271	374	536

Қаскөйлермен күрес жөнінде (2023-2025 жж.)

2023–2025 жылдар аралығында қаумал аумағында қаскөйлікпен күрес бойынша жоспарлы және Бейнеу ауданының полиция бөлімі, Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі және Маңғыстау облысының орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясымен бірлескен рейдтік іс-шаралар тұрақты түрде жүргізілді.

Сонымен қатар жергілікті тұрғындармен, шаруа қожалықтарының өкілдерімен және аумақ арқылы өтетін азаматтармен табиғатты пайдалану ережелерін бұзудың алдын алу жөнінде түсіндіру және профилактикалық жұмыстар тұрақты жүргізілді.

Рейдтер барысында заң бұзушылық фактілері анықталған жоқ, қаскөйлік әрекеттер тіркелмеді.

Әкімшілік айыппұлдар, хаттамалар (2023-2025 жж.)

2023 ж заңсыз құрылыс салған үшін 1 дана айыппұл салынып, 103 500 тенге өндірілді.

2024–2025 жылдар аралығында қаумал аймағында заң бұзушылықтар анықталмағандықтан, әкімшілік хаттамалар толтырылмады.

Қаумал аймағы: ерекше қорғалатын табиғи қорық мәртебесіне ие емес. Сондықтан 380-1-бап бойынша ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды күзету режимін бұзғаны үшін айыппұл салу құқығы жоқ. Осыған орай, ескерту жасалып, қаумалдың жерінен шығарып жіберіледі.

Аң құстарды құтқару, бұлақ көздерін ашу

2023–2025 жылдар аралығында табиғи экожүйені сақтау және биоалуантүрлілікті қорғау мақсатында кешенді жұмыстар жүргізілді. Осы кезеңде «Есет» қаумалында 12, «Көлеңкелі» қаумалында 9 бұлақ көзі ашылып, тазарту және су арналарының қалыпқа келтірілуі қамтамасыз етілді. Аң-құстардың таралуын бақылау және олардың тіршілік ортасын зерделеу мақсатында фототұзақтар орнатылып, тұрақты мониторинг жұмыстары атқарылды. Қарсыз және қара суық кезеңдерде жабайы жануарлар мен құстарға қолайлы жағдай жасау үшін мұзды жарып, суаттар ашу жұмыстары ұйымдастырылды. Аталмыш жылдары аралығында мекенінен адасқан бірнеше аққулар мен қарақұстар (үйрек тұқымдас құстар) құтқарылып, табиғи ортаға қайта жіберілді.

Бұл шаралар табиғи нысандардың қалпына келуіне, сондай-ақ аң-құстардың сақталуына және олардың тіршілік ету жағдайларын жақсартуға оң ықпал етті.

Қауымалдағы кардондар жағдайы жақсы, қысқы уақытта жылытылатын жылытқыштармен жабдықталған және «Есет» қаумалы 1 (12 W), «Көлеңкелі» қаумалы 1 (12 W) күн көзінен қуат алатын электр энергиясымен қамтамасыз етілген. 2026 жылға 8 панельдік күн электр станциясын алуға өтінім берілді.

Қаумал аумағында, кардон жанына автотұрақ салынды. Бұл туристік және рекреациялық қызметтің қолайлылығын арттыруға және келушілердің көлігін қауіпсіз орналастыруға мүмкіндік береді.

2023-2025 жылдар бойынша Қаумалды ұстауға бөлінген қаражат көлемі

Қаумалдар 2023 жылдың басынан бастап «Бейнеу орман және жануарлар дүниесін қорғау» КММ-не қосылған. Қаумалды ұстауға арнайы қаражат бөлінбеген.

15-кесте

Жылдар	Қаумалдың қызметін қамтамасыз ету шығындары, мың теңге
«Есет» қаумалы бойынша:	
2023 жылы	30 451,7
2024 жылы	45 321,1
2025 жылы	52 700,7
Барлығы	129 256,5
«Көлеңкелі» қаумалы бойынша:	
2023 жылы	30 400,3
2024 жылы	45 897,1
2025 жылы	51 814,1
Барлығы	128 112,3

2.3.2. Экологиялық-ағартушылық қызметін бағалау

Қаумал қызметкерлері мен инспекторлары жергілікті қоғам арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында тұрақты түрде ісшаралар жүргізеді. Жыл сайын мектептер мен колледждерде табиғатты қорғау тақырыбында 8 сабақ пен 2 семинар өткізіп келеді. 2023-2025 жылдары оқушылар мен студенттерге қаумалдың табиғи ерекшеліктері, өсімдіктер мен жануарлар әлемі, экожүйені сақтау маңызы туралы ақпарат беріліп келеді.

Сонымен қатар, жыл сайын 2 рет жергілікті шаруа қожалықтарымен кездесулер ұйымдастырылып, табиғатты ұтымды пайдалану, жайылым мен шөп шабу ережелерін сақтау, өрт қауіпсіздігі шаралары жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. 2023-2025 жылдары әлеуметтік желілерге 108 және баспасөз құралдарына 10 мақалалар жарияланды.

2.3.3. Туристтік және рекреациялық қызметті бағалау

Қаумалдың функционалдық аймақтарының жалпы құрылымы

16-кесте

Аумақтың атауы	Алаң, га	Қаумалдардың жалпы аумағындағы үлесі, %
«Есет» қаумалы бойынша:		
<i>Қаумалдың жалпы алаңы</i>	146 790,0	100
Экологиялық тұрақтандыру аймағы	27 926,6	19,02
Туристтік және рекреациялық қызмет аймағы	5 697,3	3,88
Шектеулі шаруашылық қызмет аймағы	113 166,1	77,1
«Көлеңкелі» қаумалы бойынша:		
<i>Қаумалдың жалпы алаңы</i>	58 922,8	100
Экологиялық тұрақтандыру аймағы	18 492,2	31,4
Туристтік және рекреациялық қызмет аймағы	2 221,8	3,8
Шектеулі шаруашылық қызмет аймағы	38 208,8	64,8

Экологиялық тұрақтандыру аймағы қаумалдардың аумағының 22,5% алып жатыр. Бұл аймақта белгілі бір мерзімге немесе мерзімсіз кейбір шаруашылық және өзге де қызмет түрлеріне толық тыйым салу немесе маусымдық шектеулер енгізу мүмкін. Алайда реттелетін экологиялық туризм мен табиғи кешендер мен мемлекеттік табиғи-қорықтық қор нысандарын қалпына келтіру шараларын жүргізуге рұқсат етіледі.

Туристік және рекреациялық қызмет аймағы қаумалдың жалпы аумағының 3,8% құрайды. Бұл бөліктер бір-бірімен ені 20 м болатын (маршруттың екі жағынан 10 метрден) ландшафттық-маршруттық дәліздер арқылы байланысқан. Аталған аумақта экскурсиялық және серуендік бағдарламаларды жүзеге асырумен қатар, экологиялық, танымдық және оқу туризмі түрлерін ұйымдастыру, жаяу серуендеу, туризмнің ерекше түрлерін дамыту, сондай-ақ үш қарау алаңын салу көзделген. Жаяу экологиялық соқпақ қарастырылған, оның ландшафттық-маршруттық дәлізінің ені 100 м.

Қаумалдардың аумағының едәуір бөлігі — 73,5% — шектеулі шаруашылық қызмет аймағына бөлінген. Мұнда әкімшілік-шаруашылық мақсаттағы нысандар орналасады, қаумалдың күзеті мен жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, сондай-ақ келушілерге қызмет көрсетуге қажетті шаруашылық қызмет түрлері жүргізіледі. Бұл аймақта шектеулі көлемде мал жаюға, ағаш және бұта тұқымдарының көшеттерін аз көлемде өсіруге, сувенирлер дайындауға рұқсат етіледі.

Осындай аймақтарға бөлу, рекреациялық және шаруашылық қызметтің әртүрлі бағыттарын сақтай отырып, табиғи-ғылыми негіздемеде көрсетілген генетикалық тұрғыдан құнды өсімдік қауымдастықтары мен жануарлар түрлерін қорғауды қамтамасыз етеді. Жалпы алғанда, жоғарыда көрсетілген функционалдық құрылым аумақтың қорғау, рекреация және шаруашылық қызметінің өзара сабақтасқан біртұтас жүйесін білдіреді.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда туристік және рекреациялық қызмет негізінен наурыз–қазан айлары аралығында жүзеге асырылады. Бұл кезеңде аумаққа келушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және табиғи экожүйеге кері әсерін болдырмау мақсатында тиісті бақылау шаралары жүргізіледі.

2018 жылы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің 2019 жылғы 11 ақпандағы № 17-5-6/33 бұйрығымен «Бейнеу-Есет» және «Бейнеу-Көлеңкелі» туристік маршруттарының паспорттары бекітілді.

Алайда, қазіргі таңда туристік инфрақұрылымның толық жетіспеушілігінен (ауыз су құдықтары, аялдамалар, био-туалет және т.б.) туристік әлеует толық іске аспай отыр. Бүгінгі күнге дейін аумаққа туристер келмеген.

2.3.4. Ғылыми қызметті бағалау

Мекемеде ғылыми қызметкер штаты қарастырылмаған. Жыл бойы жүргізілген фототұзақ зерттеуінің нәтижесінде мысық тұқымдасына жататын қарақал анықталды.

2.3.5. Шектеулі шаруашылық қызметті бағалау

ҚР ЕҚТА заңына сәйкес Қаумал аумағында шектеулі шаруашылық қызметке рұқсат берілгенімен осы күнге дейін ақылы қызметтер жүзеге асырылмаған. Соның ішінде Маңғыстау облыстық мәслихатының «Маңғыстау облысы бойынша мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі орманды пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері туралы» 2019 жылғы 30 мамырдағы № 27/327 шешімінде көрсетілген төлемақы мөлшерлемелерін пайдалана отырып, жанама орман пайдалану қызметіне сәйкес шектеулі мал жаю мен шығымдылығына орай шабындық жерлерді найдалануды жүзеге асыруға мүмкіндік бар.

2.3.6. Негізгі қауіптері мен мәселелері

Қаумалдар шөл және шөлейт экожүйелерін, соның ішінде сирек өсімдіктер мен жануарлар түрлерін қорғауға арналған ерекше қорғалатын табиғи аумақ болғандықтан, қазіргі кезде бұл қаумал аймағында экологиялық және шаруашылық сипаттағы бірқатар негізгі қауіптер мен мәселелер бар. Төменде олар негізгі бағыттар бойынша жүйеленіп берілген:

Табиғи-экологиялық факторлар

Құрғақшылық және климаттың өзгеруі. Соңғы жылдары жауын-шашынның азаюы мен орташа температураның көтерілуі өсімдік жамылғысының сиреуіне, жайылымдық жерлердің деградациясына әкеліп отыр. Ұзаққа созылған құрғақ кезеңдер салдарынан бұлақ көздері тартылып, жануарлар популяциясының миграциясы күшейген.

Құм көшкіндері мен топырақ эрозиясы. Құмды массивтердің жылжуы табиғи ландшафтқа қауіп төндіруде.

Антропогендік (адам әрекетінен туындайтын) қауіптер

Рұқсатсыз мал жаю және шамадан тыс жайылымдық жүктеме. Қаумал аумағы мен шекаралас белдеулерде жергілікті тұрғындардың мал жаюы жиі кездеседі. Бұл топырақтың тапталуына, өсімдік қауымдастықтарының бұзылуына және шөлдену процестерінің күшеюіне себеп болады.

Браконьерлік және жануарлар дүниесін мазалау. Аңшылыққа тыйым салынғанына қарамастан, киік, қарақұйрық, түлкі сияқты жануарларға қатысты заңсыз аулау фактілері орын алып тұрады.

Көлік қозғалысы және инфрақұрылымдық әсер. Кейбір учаскелерде жолсыз бағытпен жүру (off-road) нәтижесінде өсімдіктер жамылғысы тапталып, жер бедері бұзылады.

Экологиялық менеджмент пен ғылыми қамтамасыз етудегі қиындықтар

Қаумалдар аумағында тұрақты ғылыми мониторинг пен экологиялық зерттеу жүйесі толық қалыптаспаған.

Жануарлар мен өсімдіктердің сандық және сапалық құрамын жүйелі түрде тіркеу жүргізілмейді.

Қорықтық режимді сақтау үшін инспекторлық құрам мен техника жетіспейді, бұл бақылау тиімділігін төмендетеді.

Әлеуметтік және ұйымдастырушылық мәселелер

Қоршаған орта мәдениеті мен экологиялық жауапкершілік деңгейі төмен.

Қаумалдар туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жеткіліксіз. Қызметтік үйлер мен байланыс құралдарының жетіспеушілігі инспекторлардың дала жағдайында үздіксіз қызмет атқаруын қиындатады.

Қаумалдардың басты экологиялық қауіптері — құрғақшылық, жайылымдық жүктеменің артуы, құм көшкіндері, браконьерлік және табиғатты пайдаланудағы бақылаудың әлсіздігі.

Бұл мәселелерді шешу үшін:

- экологиялық мониторингті күшейту,
- жергілікті халықпен экологиялық ағарту жұмыстарын жүргізу,
- инспекторлық инфрақұрылымды жақсарту қажет,
- туристік маршруттар мен жаяу жүру жолдарын ұйымдастыру,
- жанама орман пайдалану орман пайдалану қызметін ұйымдастыру,
- шектеулі шаруашылық қызметін қатаң қадағалау, заңсыз мал жаюға жол бермеу,
- аң аулау мен қаскөйлікке тиымды күшейту.

3. БАСҚАРУ ЖОСПАРЫН ІСКЕ АСЫРУ ТЕТІКТЕРІ

Қаумалдардың басқару жоспарын іске асыру тетіктері табиғи кешендерді сақтауды, экожүйелердің тұрақтылығын арттыруды, табиғатты пайдалануды реттеуді, ғылыми зерттеулерді күшейтуді және жергілікті қауымдастықтармен өзара іс-қимылды жүйелі ұйымдастыруға бағытталады.

Басқару жоспарын іске асыру келесі тетіктер арқылы жүзеге асырылады:

Экологиялық мониторингті күшейту

Құрғақшылық, құм көшкіндері, жайылым жүктемесінің артуы сияқты экологиялық қауіптерді жедел анықтап, оларды басқару үшін тұрақты мониторинг жүргізу маңызды. Бұл бағыт құжаттағы қауіптер сипаттамасына сүйенеді.

Қорғау режимін сақтау және бақылау шараларын күшейту

Браконьерлікке қарсы іс-шаралар, заңсыз мал жаюды болдырмау, шектеулі шаруашылық қызметті бақылау — қаумалдың биоресурстарын қорғаудың негізгі тетіктері.

Инспекторлық және инфрақұрылымдық қамтамасыз ету

Инспекторлардың қызметтік үйлер, байланыс құралдары және көліктермен қамтамасыз етілуін жақсарту.

Жергілікті қауымдастықтармен бірлескен жұмыс

Ақпараттық-ағартушылық іс-шаралар, қоғаммен жұмыс, ауыл тұрғындарын экологиялық туризмге тарту. Бұл құжаттың 1.7.3 және 2.2 тармақтарындағы бағыттарға негізделген.

Ғылыми зерттеулер мен деректерге сүйене отырып басқару

Ғылыми мониторинг, флора-фауна инвентаризациясы, деградация қаупі бар учаскелерді анықтау, экожүйелерді қалпына келтіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

3.1. Басқару мақсаттары

Қаумалдардың басқару мақсаттары табиғи кешендердің тұтастығын сақтау, экожүйелерді қорғау, жер пайдалану мен шаруашылық қызметті экологиялық талаптарға сәйкестендіру, биоресурстарды тиімді басқару, сондай-ақ жергілікті қауымдастықтардың қатысуын күшейтуге бағытталған.

Негізгі мақсаттар:

- табиғи ландшафттарды, сирек және маңызды түрлерді сақтау;
- антропогендік әсерді азайту және бақылауды күшейту;
- экожүйелердің табиғилығын бұзатын бөтен түрлердің таралуына жол бермеу;
- ғылыми зерттеулерді жүйелі жүргізу;
- экологиялық ағарту мен экотуризмді дамыту.

3.1.1. Басқарудың ұзақ мерзімді мақсаттары

1. Қаумалдардың табиғи кешендерін толық сақтау және экожүйелердің тұрақтылығын арттыру

- құм көшкіндері мен экожүйелік деградацияны ғылыми негізде азайту.

2. Биоалуантүрлілікті ұзақ мерзімді қорғау

- сирек түрлердің популяциясын тұрақтандыру, флора мен фаунаны толық инвентаризациялау.

3. Экологиялық мониторинг жүйесін тұрақты жолға қою

- климаттық өзгерістер, жайылымдық жүктеме, топырақ деградациясы бойынша тұрақты дерек базасын қалыптастыру.

4. Инспекторлық жүйені толық материалдық-техникалық жабдықтау

- қызметтік үйлер, байланыс, техника жетіспеушілігін жою.

5. Қаумалдардың қорғау режимін бұзбайтын шаруашылық қызметті толық реттеу

- жер пайдалануды үйлестіру, жер дауларын шешу, заңды рәсімдерді нақтылау.

7. Жергілікті халықпен тұрақты әріптестік құру

- экологиялық мәдениетті арттыру, туризм және сервистік қызметтерге тарту.

3.1.2. Басқарудың қысқа мерзімді мақсаттары (1–3 жыл)

1. Экологиялық мониторингті күшейту

- деградацияға бейім учаскелерді анықтау, карталау.

2. Браконьерлікке қарсы жедел іс-шараларды күшейту

- рейдтер санын арттыру, бақылау құралдарын жаңарту.

3. Инспекторлар инфрақұрылымын жақсарту

- жылжымалы байланыс, GPS, көліктер, далалық қызметке арналған жабдықтар.

4. Жергілікті халықпен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын бастау/арттыру

- заңсыз мал жаюға жол бермеу түсіндіруі, экотуризмнің артықшылықтарын түсіндіру.

5. Ғылыми зерттеулердің бастапқы кезеңін іске қосу

- флора-фауна деректерін жинау, бастапқы мониторинг.

6. Шектеулі шаруашылық қызметті бақылау тетіктерін күшейту

- жайылым жүктемесін талдау, бақылау актілерін жүйелеу.

**«Есет» және «Көлеңкелі» мемлекеттік кешенді табиғи
қаумалдарының 2026–2030 жылдарға арналған жұмыс жоспары**

17-кесте

№	Іс-шара	Мерзімі	Жауапты	Нәтижесі
1	Ғылыми бөлім құру	2026 жылы II-III тоқсан	Басшылық, инспекторлар	Қаумалды басқару мен қорғауды ғылыми деректерге негіздеп, биоалуантүрлілікті сақтаудың тиімділігі артады
2	Деградация аумақтарын карталау	2026 жылы III-IV тоқсан	Ғылыми бөлім	Экожүйесі бұзылған учаскелер нақты анықталып, оларды қалпына келтіру мен қорғау шараларын дәл жоспарлау мүмкіндігі туады
3	Браконьерлікке қарсы рейдтер (айына кемінде 8 рейд)	2026-2030 жж. жыл бойы	Инспекторлар	Құқықбұзушылықтар азайды
4	Заңсыз мал жаюдың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары	2026-2030 жж. жыл бойы	Инспекторлар	Жайылымдық жүктеме азайып, өсімдік жамылғысы мен экожүйенің қалпына келуіне мүмкіндік беріледі
5	Флора-фауна инвентаризациясы	2026 жылы III-IV тоқсан	Ғылыми топ	Зерттелген аумақта тіршілік ететін өсімдіктер мен жануарлар түрлерінің толық тізімі, олардың саны, таралуы және экологиялық жағдайы анықталды
6	Радиобайланыс құралдарын жаңарту	2026 жылы II тоқсан	Басшылық, инспекторлар	Инспекторлар байланыспен толық қамтамасыз етілді
7	Жол талғамайтын көлік сатып алу	2027 жылы I-II тоқсан	Басшылық, шаруашылық бөлімі	Мобильділік артады
8	GPS құралдарымен толық жарақтандыру	2027 жылы I тоқсан	Инспекторлық қызмет	Бақылау тиімділігі артты
8	Жергілікті халықпен 6 экологиялық кездесу өткізу	2026-2023 жж. жыл бойы	Экоағарту бөлімі	Қоғамдық қолдау артты
9	20 ескерту белгісін орнату	2026 жылы III тоқсан	Экоағарту бөлімі	Туристер мен келушілердің қауіпсіздігі артады, маршруттар бойындағы бағдарлау жақсарды және табиғатты қорғау талаптарын сақтау деңгейі күшейеді.
10	Өртке қарсы үгіт-насихат	2026-2030 жж. I-III тоқсан	Инспекторлық қызмет	Келушілердің өрт қауіпсіздігі ережелерін

				сақтау деңгейі артады, өрт шығу қаупі төмендейді және табиғи аумақтың сақталуы қамтамасыз етіледі
11	«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы шеңберінде аумақты тазалау шараларын ұйымдастыру	2026-2030 жж. I-III тоқсан	Инспекторлық қызмет	Қаумал аумағы қоқыс пен ластаушы заттардан тазартылады, табиғаттың көркеюі қамтамасыз етіледі және келушілердің экологиялық мәдениеті артады.
12	Жанама орман пайдалану қызметін, оның ішінде шектеулі мал жаю мен шөп шабуды жүзеге асыру	2026-2030 жж. Маусымдық	Инспекторлық қызмет	Қаумал экожүйесінің қалпын сақтау қамтамасыз етіледі, шөп қорлары тиімді пайдаланылды және биоалуантүрлілікке зиян келтірілмейді
13	Ауданның жергілікті атқарушы органына жайылымдар мен шабындықтар алып жатқан алаңдар мен олардан бос алаңдарды, олардың орналасқан жерін көрсете отырып, қаумалдың шөп шабу және мал жаю мүмкін болатын учаскелері туралы, сондай-ақ оларды пайдалану шарттары туралы мәліметтерді ағымдағы жылғы 1 қарашадан кешіктірмей ұсыну	2026-2030 жж. Маусымдық	Инспекторлық қызмет	Қаумал экожүйесінің қалпын сақтау қамтамасыз етіледі, шөп қорлары тиімді пайдаланылды және биоалуантүрлілікке зиян келтірілмейді
14	Мектеп оқушыларына кемінде 2 туристік бағытта экскурсия ұйымдастыру	2026-2030 жж. II-III тоқсан	Ғылыми бөлім	Оқушылар өңірдің табиғи, тарихи және мәдени нысандарымен танысып, экологиялық, отансүйгіштік білімі жетіледі.
15	Дронмен әуе бақылауын енгізу	2027-2030 жж. II тоқсан	Инспекторлық қызмет	Бақылау аумағы кеңейеді
16	Жайылым жүктемесі жоғары учаскелерді шектеу	2026-2023 жж. жыл бойы	Басшылық, инспекторлар	Жер ресурстары қалпына келеді

17	Сирек жануарлар түрлерінің маусымдық мониторингі	2026-2030 жж. Маусымдық	Ғылыми бөлім	Популяциялық деректер жаңарады
18	Бес жылдық орнитологиялық бағдарлама әзірлеу	2026 жылы ІІІ тоқсан	Ғылыми бөлім	Құстарды қорғау шаралары нақтыланады
19	Вахталық пункт құрылысына ЖСҚ әзірлеу	2026 жылы ІІ–ІІІ тоқсан	Ғылыми бөлім	ЖСҚ дайын
20	Кемінде 2 құдықты қалпына келтіру	2026-2030 жж. ІІІ тоқсан	Инспекторлық қызмет	Жануарлар үшін су қолжетімділігі артады
21	Мектеп оқушыларына кемінде 2 туристік бағытта экскурсия ұйымдастыру	2026-2030 жж. ІІ–ІІІ тоқсан	Ғылыми бөлім	Оқушылар өңірдің табиғи, тарихи және мәдени нысандарымен танысып, экологиялық, отансүйгіштік білімі жетіледі.
22	10 ақпараттық стенд орнату	2027 жылы ІІІ тоқсан	Ғылыми бөлім	Келушілердің маршрут бойындағы нысандар туралы хабардарлығы артты, экологиялық ағарту тиімділігі жоғарылады және туристердің тәртіп сақтау мәдениеті жақсарады.
23	Өсімдік жамылғысының деградациясын зерттеу	2028 -2030 жж.	Ғылыми топ	Ғылыми есеп дайын
24	Құстар миграциясын бақылау станциясын орнату	2028 жылы ІІІ тоқсан	Ғылыми бөлім	Деректер қоры толығыады
25	Инспекторлық бекет құрылысы	2028 жылы ІІІ–ІІІІ тоқсан	Басшылық, шаруашылық бөлімі	Бекет іске қосылады
	Туристік картаның цифрлық нұсқасын әзірлеу	2028 жылы ІІІ–ІІІІ тоқсан	Ғылыми бөлім	Заманауи карта дайын
26	QR-код ақпарат жүйесін енгізу	2028 жылы ІІІІ тоқсан	Ғылыми бөлім	Ақпарат қолжетімді болады
27	Фотоақпан санын 3 есе көбейту	2029 жылы І–ІІ тоқсан	Инспекторлық қызмет	Түрлерді бақылау күшейді
28	Сирек өсімдіктерді зерттеу	2028-2030 жж.	Ғылыми бөлім	Ғылыми деректер жаңарады
29	Экожүйе қызметтерін бағалау	2026-2030 жж.	Ғылыми бөлім	Экожүйе құндылығы анықталады
30	Бақылау-өткізу пунктін жарақтандыру	2029 жылы ІІ–ІІІ тоқсан	Басшылық	Қауіпсіздік артады

31	Туристік соқпақтарды абаттандыру	2028 жылы III–IV тоқсан	Ғылыми бөлім	Туристік жағдай жақсарады
32	Қорғау режимін бұзушылықтарды 50%-ға азайту	2030 жылы	Инспекторлар	Тәртіп жақсарады
33	Жануарлар мекендеу ортасын қалпына келтіру бағдарламасы	2026 жылы IV тоқсан	Ғылыми бөлім	Мекендеу ортасы қалпына келеді
34	2026–2030 мониторингінің қорытынды есебін әзірлеу	2030 жылы IV тоқсан	Ғылыми топ	5 жылдық есеп дайын
35	Есет қаумалының биоалуантүрлілік Атласын жасау	2030 жылы III–IV тоқсан	Ғылыми бөлім	Атлас жарияланады
36	Жол белгілерін толық жаңарту	2030 жылы II тоқсан	Басшылық	Қауіпсіздік қамтамасыз етіледі
37	Экотуристік инфрақұрылымды толық қалыптастыру	2030 жылы	Ғылыми бөлім	Инфрақұрылым толық жұмыс істейді
38	Қаумалды халықаралық экотуризм желісіне енгізу құжаттарын әзірлеу	2030 жылы IV тоқсан	Басшылық	Халықаралық интеграция басталады

Зақымдалған табиғи кешендерді, табиғи нысандарды, табиғи және тарихи-мәдени мұра объектілерін қалпына келтіру саласында, соның ішінде ықтимал қалыптан тыс табиғи құбылыстардан қорғау:

1) Бұзылған табиғи кешендерді, табиғи объектілерді, табиғи және тарихи-мәдени мұраны, оның ішінде ықтимал қалыптан тыс табиғи құбылыстардан (құрғақшылық, көп қар түсу және т.б.) қорғауды қажет ететіндерді анықтау;

2) Қалпына келтіру және қорғау іс-шараларының тізбесін әзірлеу;

3) Бюджеттік шығындарды есептеу және жоспарлау, бұзылған табиғи кешендерде, объектілерде, оның ішінде қалыптан тыс табиғи құбылыстардың әсерінен қалпына келтіру және қорғау іс-шараларын орындау.

Қаумал аумағын туристік-рекреациялық және шектеулі шаруашылық мақсаттарда пайдалану бойынша:

1) Туристер үшін жаңа қызмет түрлерін көрсету;

2) Туристік қызметтер көрсетуді ұйымдастыру;

3) Қаумалдың табиғи және тарихи объектілеріне рекреациялық жүктеме нормаларын оңтайландыру, әзірлеу және сақтау;

4) Рекреацияны дамыту және стационарлық демалыс орындарын

орналастыру;

5) Туризм және рекреация инфрақұрылымын дамытуға инвестициялар тарту және Қаумал учаскелерін жалға беру;

6) Туристік-рекреациялық және шектеулі шаруашылық пайдалану аймақтарында күрделі және маусымдық туристік объектілер салу;

7) Қолданыстағы турмаршруттар бойынша туристерді қабылдау;

8) Клиенттермен және туристік фирмалармен маркетингтік жұмысты жақсарту;

9) Туристік бейне және баспа өнімдерін шығару және тарату.

3.2. Шекаралар мен аймақтарға бөлу

Функционалдық аймақтарға бөлу

«Есет» және «Көлеңкелі» табиғи кешенді қаумалдарының функционалдық аймақтарға бөлінуі қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісіліп, жаратылыстану-ғылыми негіздемесі (ЖҒН) әзірленген және экологиялық сараптаманың оң қорытындысы алынған.

Аймақтарға бөлудің мақсаты көп қырлы және бірқатар міндеттерді шешуге бағытталған, олардың ішіндегі басым бағыттар мыналар болып табылады:

- қаумалдың табиғи және тарихи-мәдени кешендеріне рекреациялық ағындарды реттеу мен жоспарлау құрылымын саралау арқылы антропогендік әсерді азайту;
- қызметтің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- туризм мен демалыстың дамушы жүйесін құру, рекреациялық іс-шараларды еркін таңдауға мүмкіндік беру;
- мәдени-тарихи және табиғи мұраға негізделген аумақтың тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету.

Табиғи кешендердің алуан түрлілігі мен оларды басқару әдістері, сондай-ақ келушілердің әртүрлі топтары, жергілікті тұрғындар, шаруашылық субъектілері, мемлекеттік органдар және басқа да мүдделі тараптар тарапынан болатын әсердің көптігі қаумалдардағы аумақтық басқарудың негізгі мәселесін құрайды.

«ЕҚТА туралы» ҚР Заңының 45-бабына сәйкес, Қаумалдар келесі функционалдық аймақтарға бөлінді (9,10-суреттер):

- экологиялық тұрақтандыру аймағы;
- туристік және рекреациялық қызмет аймағы;
- шектеулі шаруашылық қызмет аймағы.

Қаумал шекаралары бойымен қорық аймағын белгілеу ҚР «ЕҚТА туралы» Заңымен көзделмеген.


Функционалдық аймақтарға бөлу — қаумал аумағын және оның ресурстарын басқарудың ең маңызды құралы болып табылады.

Функционалдық аймақтар қаумалдың келесі ерекшеліктері ескеріле отырып бөлінген:

- бірегей табиғи кешендерді қорғау;
- аумақтың рекреациялық тұрғыдан игерілу мүмкіндігі;

- жер пайдаланушылардың болуы.

9-сурет. «Есет» қаумалының функционалдық аймақтарға бөлінуі




«Есет» қаумалының әрбір функционалдық аймақта өзіне тән, ерекше қорғау режимі бар (18-кесте).

18-кесте

№ обх.	Алаң, га	Негізгі міндеті	Режим
Экологиялық тұрақтандыру аймағы - 27 926,6 га (19,02%)			
I	2 116,9	Ең құнды табиғи кешендер мен нысандарды сақтау жағдайларын қамтамасыз ету. Бүлінген жерлерді қалпына келтіру.	Қаумалдық. Белгілі бір мерзімге немесе мерзімсіз жыл мезгілдеріне қарай жекелеген шаруашылық және өзге де қызмет түрлерін толық тыйым салу немесе шектеу. Бұған тек реттелетін экологиялық туризм мен бүлінген табиғи кешендер мен мемлекеттік табиғи-қорық қорының нысандарын қалпына келтіру іс-шараларын жүргізу жатады.
II	5 656,0		
III	13 434,0		
IV	2 932,8		
V	3 786,9		
Туристік және рекреациялық қызмет аймағы – 5 697,3 га (3,88%)			
I	300.7	Саябақтың көрікті нысандарымен танысуға, туристік және экскурсиялық бағыттарды ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Саябақ аумағындағы негізгі тарихи-мәдени кешендерді сақтау және экскурсиялық көрсету жағдайларын қамтамасыз ету. Табиғи ортада демалысты ұйымдастыру.	Қаумалдық қорғау режимі орнатылады, ол табиғи кешендер мен мемлекеттік табиғи-қорық қорының нысандарын сақтауды қамтамасыз етеді. Бұл аумақта реттелетін туристік және рекреациялық қызметке (аңшылықтан басқа) рұқсат етіледі, оның ішінде туристік бағыттар мен соқпақтар ұйымдастыру, бивуактық тұрақтар мен шолу алаңдарын орналастыру — рекреациялық жүктеме нормаларын сақтай отырып жүзеге асырылады.
II	1 077.0		
III	1 674.9		
IV	246.9		
V	1 150.2		
VI	72.2		
VII	1 175.4		
Шектеулі шаруашылық қызмет аймағы – 113 166,1 га (77,1%)			
I	22 107.4	Қаумалдың қызметін қамтамасыз етуге қажетті шаруашылық қызметті жүзеге асыру.	Әкімшілік-шаруашылық мақсаттағы нысандар орналастырылады, қаумалды қорғау мен оның жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, сондай-ақ келушілерге қызмет көрсетуге қажетті шаруашылық қызмет жүзеге асырылады. ҚР Заңы №175-III, 2006 жылғы 7 шілдедегі 47-бабына сәйкес келесі шаруашылық қызмет түрлеріне рұқсат етіледі: <ul style="list-style-type: none"> • малды шектеулі жайылымда ұстау; • ағаш және бұта түрлерінің отырғызу материалдарын шектеулі алаңдарда өсіру; • кәдесый өнімдерін өндіру.
II	12 642.0		
III	5 923.1		
IV	21 198.3		
V	10 217.9		
VI	23 240.8		
VII	17 836.6		

10-сурет. «Көлеңкелі» қаумалының функционалдық аймақтарға бөлінуі



КАРТА ФУНКЦИОНАЛЬНОГО ЗОНИРОВАНИЯ ТЕРРИТОРИИ
ГОСУДАРСТВЕННОГО КОМПЛЕКСНОГО ПРИРОДНОГО
ЗАКАЗНИКА МЕСТНОГО ЗНАЧЕНИЯ "КОЛЕНКЕЛИ"
М 1: 1 500
ПЛОЩАДЬ 58 922,8 га

УСЛОВНЫЕ ОБОЗНАЧЕНИЯ

-  Границы заказника
-  Границы егерских обходов
-  Зона экологической стабилизации
-  Зона туристской и рекреационной деятельности
-  Зона ограниченной хозяйственной деятельности
-  Смотровая площадка
-  Биотуалет
-  Кордон (вагон-дом на колёсах)
-  Контейнеры для ТБО
-  Пожарный Щит
-  Аншлаги
-  Туристские маршруты
-  Номера инспекторских участков и их площади
-  Номера егерских обходов и их площади
-  Ландшафтно-маршрутные коридоры

«Көлеңкелі» қаумалының әрбір функционалдық аймақта өзіне тән, ерекше қорғау режимі бар (19-кесте).

19-кесте

№ обх.	Алаң, га	Негізгі міндеті	Режим
Экологиялық тұрақтандыру аймағы – 18 492,2 (31,4%)			
